



ЖУРНАЛИСТЕР – ҚОҒАМНЫҢ ЖАРШЫСЫ



Мемлекет басшысы БАҚ саласы қызметкерлерін марапаттау рәсімінде сөз сөйледі.

Президент ең алдымен бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлерін мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Бұл кәсіби мерекенің ел өмірінде алатын орны айрықша. Себебі журналистер қауымы – ең алдымен қоғамның жаршысы әрі шынайы жанашыры. Сіздер әрдайым халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелерді көтеріп, жұрт мүддесіне адал қызмет етіп келесіздер. Қазіргі жаһандық технология дамыған заманда азаматтарға жедел, сапалы әрі шынайы ақпарат тарату, ұтымды сараптама ұсыну да журналистер қауымына жүктелген абыройлы міндет саналады. Мемлекет сіздердің ерен еңбектеріңізді жоғары бағалайды. Ел Президенті ретінде бүгін мен барша медиа саласы мамандарына шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бұқаралық ақпарат құралдарын ұлттың үні, қоғамның айнасы деуге толық негіз бар. Өйткені өз азаматтарымызбен қатар, күллі әлем қауымдастығы елімізде жасалып жатқан ауқымды өзгерістердің түпкі мәнін, ең алдымен, отандық медиа арқылы танып, біледі.

– Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстан журналистері осы жауапкершілікті терең сезініп, кәсіби міндеттерін жемісті атқаруда. Наурыз айында біз – бәріміз бір ел болып, конституциялық реформаны табысты жүзеге асырдық.

(Жалғасы 2-бетте)

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Венесуэладағы жойқын жер сілкінісі салдарынан көптеген адамның қаза табуына және жарақат алуына байланысты Делси Родригеске көңіл айтты.

– Осындай ауыр кезеңде қайғы-қасіреттеріңізге ортақтасып, Сізге, жақындарынан айырылған отбасыларға, сондай-ақ достас Венесуэла халқына көңіл айтамын. Табиғи апаттан қайтыс болған жандардың туыстарының сабырға келіп, болаттай берік болуын, ал жарақат алған азаматтардың тез арада сауығып, отбасыларына аман-есен оралуын тілеймін, – делінген жеделхатта.

ӨКІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ



Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы 2026 жылғы 30 маусымда сағат 11.00-де Астана қаласында шақырылсын», – деп жазылған Өкімде.

АЙБЫНДЫ ЖАСТАР АЛАҢЫ



Мемлекет басшысы «Айбын» XII халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынына қатысты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола облысының Щучинск қаласында өтіп жатқан «Айбын» XII халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынына барды.

«Айбын-2026» бағдарламасына әскери-спорттық, интеллектуалдық, шығармашылық және әскери-колданбалы спорт түрлері бойынша жарыстар енді. Биылғы жиын Қазақстанның бірнеше аймағынан, сондай-ақ Әзербайжан, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан елдерінен келген 50-ден астам команданың басын қосты.

Мемлекет басшысы бұл өскелең ұрпақтың рухын шыңдайтын, оларды отаншылдыққа тәрбиелейтін өте маңызды іс-шара екенін атап өтті.

– Байрақты бәсекеде еліміздің ең мықты, ең жігерлі жас сарбаздары лайықты өнер көрсетті. Сондай-ақ Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және Ресейден келген достас, бауырлас мемлекеттердің жастары бақ сынады. Бүгін мен бәріңізге зор ризашылығымды білдіремін. Дүбірлі дода еліміз үшін шын мәнінде аса маңызды кезеңде өтіп жатыр. Наурыз айында Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл – мемлекетіміздің келешегін айқындайтын, ұлтымыздың тағдырына тікелей әсер ететін тарихи оқиға.

Тұтас жұртымыздың арман-мұратын тоғыстырған Ата заң, ең алдымен, өскелең ұрпақтың игілігі үшін қабылданды. Кез келген елдің болашағы – өздеріңіз секілді отаншыл, білімді, еңбекқор, жасампаз және батыл жастардың қолында. Қазақстанның беделін арттырып, көшін алға бастайтын да – жалынды жастар! Мен сіздерге зор үміт артамын! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БЕРІК ТҰҒЫРНАМА

Президент 1 шілде күні мемлекетіміздің Бас құжаты – Конституция заңды күшіне енетінін, осылайша, ел дамуының мүлдем жаңа дәуіріне қадам басатынымызды еске салды.

– Жаңа Конституция барлық мемлекеттік және қоғамдық институттардың жаңғыруына негіз қалады. Мұндай күрделі өзгерістер еліміздің 35 жылдық тарихында да, одан бұрын да болған емес. Яғни Қазақстан сапалы ғылым негізінде өркендеу мен технологиялық өрлеу жолына түсті. Дегенмен қоғам бір мақсатқа жұмылып, ынтымақ-бірлік танытпаса, кез келген, тіпті мұқият сараланған мемлекеттік жоспардың өзі қағаз жүзінде қалады. Туған жерге – Қазақстан Республикасына адал қызмет етуге ұмтылатын білімді, ерік-жігері мол отаншыл жастар елімізді көркейтеді.

(Жалғасы 3-бетте)

ЩУЧИНСКІДЕГІ ЖЫЛЫ ЖҮЗДЕСУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа Щучинск қаласының экосаябағы таныстырылды.



Таяуда жаңғыртылған қоғамдық кеңістікте тұрғындардың серуендеп, спортпен шұғылдануына барлық жағдай жасалған.

Президент жергілікті жас домбырашылардың өнерін тамашалады. Ұлттық домбыра күніне әзірленіп жатқан өнерпаздар бірнеше күй орындап берді.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Buzabau Arena спорт сарайына барды. Қасым-Жомарт Тоқаев кешендегі үстел теннисі, бассейн және жаттығу залдарын аралап көрді. Мұнда спорттың алты түрі бойынша үйірмелер жұмыс істейді.

Мемлекет басшысына өңірдегі спорт және туризм салаларының даму барысы жөнінде баяндалды. Сонымен қатар Президент облыстың танымал спортшыларымен әңгімелесті. Атлеттер отандық спортқа жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

АҚОРДА

27 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

ЖУРНАЛИСТЕР – ҚОҒАМНЫҢ ЖАРШЫСЫ

(Басы 1-бетте)

Жалпыұлттық референдум кезінде халқымыз мемлекеттің келешегін айқындайтын тарихи таңдауын жасады. Еліміздің бас құжаты – жаңа Конституциямыз өз тұғырына қонды. Ата заңды әзірлеу және қабылдау оңай шаруа емес екені анық. Бұл – бірлігі бекем, рухы биік және жарқын болашаққа деген сенімі зор ұлттың ғана қолынан келетін бірегей кадам. Біз осы мақсатқа жету үшін ұзақ жолды жүріп өттік. Арнайы Конституциялық комиссия құрып, Негізгі заңның әр бабын ел мүддесі тұрғысынан мұқият сараладық. Бүкіл жұртты бір мұратқа ұйыстырған ортақ істе медиа саласы мамандарының маңызды рөл атқарғанын ерекше атап өту қажет.

Журналистер қауымы Конституциялық комиссияның қызметі туралы сапалы және мазмұнды хабарлар таратты. Сондай-ақ Ата заңға енгізу үшін ұсынылған түзетулерге қатысты жан-жақты талдау жұмысын жүргізді. Науқан кезіндегі тікелей эфирлер, сараптамалық материалдар мен танымдық сұхбаттар – соның айқын дәлелі. Жалпы, журналистер өз кәсібилігін толығымен көрсетті. Осы салада нағыз кәсіби маман болу дегеніміз – «қолдан жасалған» айкай-шу немесе даңғазас жасау емес, бұл – ең алдымен өзекті мәселені жан-жақты білу және тақырыпты жетік меңгеру деген сөз. Комиссия отырысының әлеуметтік желідегі эфирлері де миллионнан астам қаралым жинады. Осылайша, Ата заң жобасын талқылау жалпыұлттық деңгейдегі пікірталасқа ұласты. Бұл іске елге жанашыр азаматтарымыз түгел қатысты. Мәселен, «e-Government» және «e-Өтініш» цифрлық жүйесі арқылы мыңдаған өтініш келіп түсті. Түптеп келгенде, мұның бәрі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының нақты көрінісі екені сөзсіз.

Конституциялық комиссия мүшелері салмақты әрі ұтымды ұсыныстардың ешқайсысын назардан тыс қалдырған жоқ, оның бәрі мұқият зерделенді. Бас құжаттың жобасын дайындау және оны талқылау тәжірибесі мемлекет пен азаматтардың қарым-қатынасын мүлдем жаңа деңгейге көтерді. Комиссия құрамында масс-медианың беделді өкілдері де болды. Сондықтан журналистер қауымын жаңа Ата заңымыздың тең авторларының бірі деп айтсақ, қате болмайды, – деді Президент.

ЖАУАПТЫ МИССИЯНЫҢ ЖҮГІ

Мемлекет басшысы жаңа Конституция – халқымыздың темірқазығы, әділетті қоғамның мығым тұғыры және орнықты дамудың берік кепілі екеніне назар аударды.

– Негізгі құжатта еліміздің Егемендігі мен Тәуелсіздігін қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз



сақтау, Заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету, жалпыұлттық бірлік пен татулықты нығайту басты қағидаттар ретінде бекітілді. Конституцияда білім мен ғылымды, инновацияны және адам капиталын дамыту стратегиялық бағыт деп танылды. Сонымен қатар халықтың әл-ауқатын арттыруға, жасампаз отаншылдық пен еңбексүйгіштік идеясын дәріптеуге, табиғатқа қамқорлықпен қарауға басымдық берілді. Бірнеше күннен соң, яғни 1 шілдеде Конституциямыз заңды күшіне енеді. Қазақстан түбегейлі жаңа дәуірге қадам басады. Конституция еліміздің саяси және идеологиялық арқауы ретінде ұзақ жыл бойы халық игілігіне қызмет етеріне сенемін. Қазақстанның дамыған және озық ел болғаны өзімізге ғана керек. Біздің басқа еліміз жоқ. Сондықтан қазіргі және келер ұрпақтың алдында аса маңызды міндет тұр. Бұл – Отанымызды өнегелі мемлекетке айналдыру. Немерелеріміз ағымдағы кейбір олқылықтарымызды, қателерімізді кешіруі мүмкін. Себебі әр жұмыс, әр еңбек қатесіз болмайды. Бірақ Егемендігімізге зиян келтіріп, Тәуелсіздігімізді қорғай алмасак, олар бізді ешқашан кешірмейді. Өйткені Тәуелсіздік – бәрінен қымбат қастерлі құндылық. Ал Тәуелсіздікті сақтап, елімізді одан әрі дамыту үшін ең алдымен қоғамымызда татулық пен тұрақтылық болуы қажет. Онсыз ештеңе болмайтыны айдан анық. Мемлекетіміздің тұғыры – әділеттілік. Бұл ұғымның масылдыққа, селкостыққа ешқандай қатысы жоқ. Керісінше, әділеттілік, бұл – еңбекқорлық ұғымына жақын түсінік, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ел тағдырына тікелей әсер ететін маңызды оқиға қарсаңында Парламенттің 8-ші шақырылымы өз жұмысын аяқтайтынын еске салды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, отандық бұқаралық ақпарат құралдары өздеріне жүктелген жауапты миссияны жоғары деңгейде атқару үшін халықаралық

медиа қоғамдастықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға тиіс.

– Медиаиндустрия цифрлық дәуірдің сын-қатерлерімен алғашқылардың бірі болып бетпе-бет келді. Осылайша, цифрлық матрицаның – қоғам өміріндегі жаңа санаттың бір бөлігіне айналды. Нарықтың түбегейлі өзгеруі салдарынан жаңалықтар порталы, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер алдыңғы қатарға шықты. Мерзімді баспасөз бен телевизия бұрынғы үстемдігінен айырылды. Қазіргі жағдай осындай. Алайда мен «Дәстүрлі медианың дәурені өтті» деген пікірмен келіспеймін. Керісінше, газеттер мен телеарналар жаңа форматқа көшіп, инновациялық мультимедиялық платформа құрып, заман талабына сай дамып келеді. Олардың басты артықшылығы – мәселені терең талдап, шолу мен сараптама ұсына алуында. Ақпараттық кеңістікте қарабайыр тақырыптар қаптап, ұсақ-түйекті сөз қылу көбейген заманда сапалы әрі өзекті журналистиканың маңызы еселеп артады. Сондықтан, менің ойымша, дәстүрлі БАҚ қым-қиғаш уақиғалар нөпірінде қоғам үшін ақпарат айдынындағы компас, тіпті идеологиялық бағдар рөлін алдағы уақытта да атқара береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы журналистердің жалған ақпарат таратуға қарсы күресте атқаратын рөліне тоқталды.

– Заманауи технологиялар цифрлық алаңда алауыздықты әдейі ушықтыратын «ботофермалардың» пайда болуына түрткі болды. Көпе-көрінеу жалған ақпарат тарату, адамды қаралау, өтірікті шындай соғатын қауіпті құбылыс қалыптасты. Оны қазір дипфейк деп атайды. Яғни объективті фактілер эмоцияның көлеңкесінде қалып, қасақана арандатушылық туғызады. Қоғамның ынтымақ-бірлігіне сына қағып, мемлекеттік институттардың атына кір келтіру үшін жасанды интеллект құралдары қолданылады. Танымал тұлғалардың жасанды цифрлық бейнелерін түпнұсқадан ажырату мүмкін емес.

Мұндай технологияларды түрлі алаяқтар мен деструктивті күштер белсенді пайдаланады. Сондықтан медиа саласының қызметкерлері жауапкершілік танытып, мемлекеттің аталған гибриді, аса қауіпті қатерлерге төтеп беруіне атсалысуға тиіс. Осы орайда сіздердің еңбектеріңіз орасан, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҰЛТ МҮДДЕСІН БИІК ҚОЙҒАНДАР

Президент Қазақстанда БАҚ қызметіне қажетті жағдай жасалғанын айтты.

– Елімізде пікір алуандығы мен сөз еркіндігі бар, ал цензураға заң жүзінде тыйым салынған. Алайда сөз бостандығы дегеніміз жүгенсіздікке және тәртіпсіздікке жол беру деген сөз емес. Сондықтан қоғамдық пікірді өздерінің теріс пиғылына пайдаланып, медиа саласында айланып асырғысы келетіндер мына бір қарапайым қағиданы жадында ұстауы қажет: бірде-бір адам шексіз құқық иесі емес. Басқаша айтсақ, өз құқыңды білу және сақтау өзгенің құқың бұзу немесе ар-ожданын таптау деген сөз емес. Алдымызда адамдар жалған ақпараттың жетегінде кетпей, күршіті күрмектен ажыратуы үшін медиасауаттылықты барынша арттыру міндеті тұр – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сән-салтанатты өмір мен «жеңіл ақша» қулығын дәріптеу дұрыс емес деп санайды.

– Өйткені бұл өскелең ұрпақты адастырып, олардың дүниетаным құндылықтары мен өмірлік мұратына теріс ықпал етеді. Жастар медиакеністіктен ысырапшылдық пен мәнсіз ырду-дырдуға толы алдамшы өмірді емес, керісінше, жасампаз еңбектің, адал табыстың, ішкі мәдениеттің нағыз үлгісін көруі керек. Бүгінгі журналистер екі маңызды рөлді қоса атқаруға тиіс: яғни олар шындықты боямасыз көрсететін айна, сонымен қатар ұлтты өркениетке жетелейтін ағартушылық жолдағы шамшырақ болуы керек. Қазір біз біртұтас ұлт болып, өркендеген, заманауи, яғни озық мемлекет құрып жатыр-

мыз. Бірақ бұл – төл құндылықтарымызды ұмыту деген ұғым емес. Біз жұртымызға тән игі қасиеттерді жаңғырта түсуіміз керек. Мұны азаматтарымыз, әсіресе жастарымыз терең түсінуі қажет. Мәдениеті жоғары елдің әлемдегі мәртебесі де, беделі де биік болары айқын. Ал нағыз мәдениет үйде де, түзде де әдеп сақтау, көпшілік ортада өзін дұрыс ұстау, басқа адамдарды құрметтеу, сыйлау сияқты қарапайым қағидалардан басталады. Қазақ халқы әдептен аттамаған, әрдайым үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген. Жақынына жанашыр көзбен қарап, жығылғанға демеу, сүрінгенге сүйеу болған. Біздің шынайы болмысымыз – осы. Сондықтан адамның ар-намысына нұқсан келтіретін, қауіпсіздігіне қатер төндіретін кез келген әрекетке жол бермеу қажет. Біз озық ел ретінде қоғамда салт-дәстүрімізге негізделген өркениетті этикалық нормаларды орнықтыра түсуіміз керек. Мен бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Осы бағыттағы жұмысты күшейту – айрықша маңызы бар міндет. «Қалам елді түзейді» деген сөз бекер айтылмаған. Осы орайда, біз сіздерге – журналистер қауымына зор үміт артамыз. Ақпарат саласының қызметкерлері қашанда ұлт сапасын жақсартатын құндылықтарды дәріптеу ісіне белсене атсалысуы қажет деп санаймын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы журналистика саласында қай кезде де ұлт мүддесін бәрінен биік қоятын, парасатты, нағыз отаншыл тұлғалар қызмет еткенін атап өтті.

– Олар халықтың сана-сезімін оятып, елдің еңсесін көтеруге зор үлес қосты, ағартушылықпен айналысып, халықты білім мен ғылымға шақырды. Сіздер де аға буын салған сара жолды лайықты жалғастырып келесіздер. Баршаңызға тағы да зор алғыс айтамын. Мемлекет медиа саласы қызметкерлерін әрдайым қолдайды, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса мән береді. Баршаңызға мәлім, жыл сайын кәсіби мереке қарсаңында тілшілер қауымына пәтер кілтін табыстау жақсы дәстүрге айналды. Соңғы үш жылда Астана қаласында ғана 200 журналист баспаналы болды. Енді бұл бастаманың ауқымын кеңейте түсуді көздеп отырмыз. Әсіресе, сапалы хабар таратып, қажырлы қызмет етіп жүрген аймақ тілшілерінің еңбегін елеусіз қалдыруға болмайды деп санаймын. Сондықтан менің тапсырмаммен осы жылы алғаш рет облыстарда жұмыс істейтін журналистерге де пәтер кілті табысталады. Жалпы, биылдың өзінде бүкіл еліміз бойынша ақпарат саласының 66 қызметкеріне баспана беріледі. Бәріңізге құтты болсын деймін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне Әділетті, Таза, Қауіпсіз әрі Күшті Қазақстанды құру ісіне орасан зор үлес қосып келе жатқаны үшін алғыс айтты.

Салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық журналистиканың дамуына елеулі үлес қосқан бір топ БАҚ қызметкерін мемлекеттік наградалармен марапаттады. Сондай-ақ журналистерге Президенттің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлығы, гранты және Алғыс тапсырылды.

АҚОРДА

27 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

АЙБЫНДЫ ЖАСТАР АЛАҢЫ

(Басы 1-бетте)

Негізгі заңның түпкі мәні де осыдан көрінеді: Конституция шын мәнінде барлық парасатты және жасампаз күштерді, нағыз патриоттарды еліміздің стратегиялық бағдарының, яғни, реформалардың жалпыұлттық жоспары мен мақсаттары төңірегіне біріктіретін берік тұғырнама іспеттес. Жаңа Конституциямыз – барша халықтың, әсіресе, өскелең ұрпақтың адамгершілік және құқықтық бағдары, өмір жолындағы темір-қазығы. Осы бағыттан айнымасақ, қоғамдағы тұрақтылықты сақтаймыз, азаматтарымыз заң мен ел мүддесіне құрметпен қарайтын лайықты өмірге қол жеткізеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, патриот болу дегеніміз – мемлекеттің саясаты мен стратегиясын іс жүзінде қолдау, ел игілігіне үлес қосу, туған жердің тағдыры үшін жауапкершілік алу.

– Осы қасиетті борыштың қатарында Отан қорғау ерекше, киелі парыз саналады. Әскери қызмет – азаматтықтың белгісі әрі кастерлі конституциялық міндет. Біз Қарулы күштерді дәйекті түрде жаңғыртуды қолға алдық. Армияға және әскери білім беру жүйесіне цифрлық технологиялар, жасанды интеллект пен даярлықтың озық стандарттары белсенді түрде енгізілуде. Бұл – заман талабы. Сондықтан қазіргі күрделі сын-қатерлерге төтеп беру үшін дайындығымыз сакадай-сай болуы қажет. Әрбір мүмкіндікті мемлекеттің іргесін бекемдеп, қуатын арттыруға пайдалану керек. Біздің негізгі міндетіміз – кәсіби деңгейі жоғары әскерилерді тәрбиелеудің тиімді жүйесін қалыптастыру. Қазіргі уақытта әскерилер жан-жақты дамыған, қоғам өмірінің барлық саласына үлес қоса алатын үлгілі тұлға екенін көрсетуге тиіс. Бүгін арнайы келген Шоқан Уәлиханов атындағы Әскери колледжді осындай табысты жұмыстың жарқын мысалы ретінде атауға болады. Биыл оқу орнының құрылғанына 30 жыл толады. Осы уақыт ішінде колледж сержанттық құрамға 4,5 мыңнан аса жоғары білікті маман даярлады. Бұл бірегей тәжірибе халықаралық деңгейде жоғары бағаға ие болды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына баса мән беретінін жеткізді.

– Алдымызда стратегиялық маңызды міндет тұр. Мемлекетіміздің басты құндылықтарын жете түсініп, жүреппен қабылдайтын жастар тәрбиелеуіміз керек. Бұл құндылықтар – Тәуелсіздік пен Егемендік, елдің аумақтық тұтастығы, азаматтарымыздың заңды құқықтары мен бостандықтары, Қазақстанды Әділ, Құқықтық және Озық мемлекетке айналдыру. Әскер қатарындағы қызмет шынайы патриоттарды тәрбиелейтін маңызды, тіпті, басты мектепке айналғаны жөн. Дәл осы себепті әскери дәстүрлерді «Адал азамат – Сарбаз – Отан қорғаушы» қағидатына сай жаңғырту



жөніндегі бастамаға қолдау білдірдім. Бұдан былай әскерге шақыру, ант қабылдау және әскери қызметтен босату секілді үш кезең мемлекеттік протокол тәжірибесіне сәйкес жана форматта, ерекше салтанатпен ұйымдастырылады. Мұндай есте қаларлық рәсімдер аталған іс-шаралардың мән-маңызын арттырып, ұрпақтар сабақтастығын нығайтады. Сонымен қатар жастар арасында және жалпы қоғамда әскердің беделін айтарлықтай көтереді. Сарбаз болу – зор мәртебе. Қарулы күштер сапында борышын өтеген әр азамат көпшілік құрметіне бөленуі керек. Баршамыз бірге күш жұмылдырсақ, ата-аналар әскери саланы таңдаған ұл-қыздарын мақтан тұтатындай жағдайға жететінімізге сенімдімін. Басқаша айтқанда, Отан алдындағы жауапкершілік барлық салада жоғары деңгейде адал еңбек етуден көрінеді. Әскери қызмет те осы санатта. Мемлекеттік рәміздерге құрмет және азаматтық жауапкершілік жастар дүниетанымының өзегіне айналуға тиіс. Соғыс өрті тұтанып, әскери қақтығыстар ушыққан, мемлекеттер санкциядан көз аспаған заманда өмір сүріп жатырмыз. Әлемдегі ахуалды алдын ала болжау барған сайын қиындап барады. Осындай кезде ел келешегіне енжар қараудың салдары кейін өзімізге ауыр тиюі мүмкін, – деді Мемлекет басшысы.

БІР ТУ АСТЫНА
БІРІКТИРГЕН ЖОБА

Осы орайда, Президент елімізде жасақталған «Жас сарбаз» қозғалысының айрықша рөліне назар аударды.

– Озық құндылықтарды дәріптейтін ұйымның қатарында 280 мыңнан астам мектеп оқушысы және студент бар. Әскери-патриоттық бірлестіктерде тәрбие алған азаматтардың көбі болашақ өмірін әскери қызметпен, құқық қорғау органдарымен және ұлттық қауіпсіздік жүйесімен байланыстырады. Мен Мемлекет басшысы ретінде жастарымыздың осындай ұмтылысын толық қолдаймын. Сіздердің араларыңызда қазірдің өзінде елеулі табысқа қол жеткізіп,

күрдастары мен ізінен ерген інілеріне үлгі көрсетіп жүрген жандар бар. Бүгін осы жиынға Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институтын тәмамдаған үздік түлек Арман Ондасынов қатысып отыр. Жақында Мемлекеттік рәміздер күні аясында оған аға лейтенант офицерлік атағын өз қолыммен табыстадым. Сонымен қатар бүгінгі іс-шараға «Айбын» халықаралық жарысының өткен жылдардағы жеңімпаздары келді. Жыл сайынғы

кол ұшын созуға және командада жұмыс істеуге үйренеді. Жарыстар тек физикалық төзімділік пен күшті ғана сынап қоймайды, ақыл-ой ұшқырлығын, тапқырлық пен шығармашылық қабілетті де шыңдайды. Сондықтан «Айбын» жиынының ең басты миссиясы – Қарулы күштер қатарында кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалды элита қалыптастыру. Мұндай кездесулер халықаралық ынтымақтастықты нығайтады. Өзара тілеулікті күшейтіп, халықта-



әскери-патриоттық жиында еліміздің әр өңірінің және достас елдердің талантты жастары бас қосады. Мұның мәні зор. Орайлы сәтті пайдаланып, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Әзербайжан елдерінен келген қонақтарымызға бастаманы қолдап, оған белсенді қатысқаны үшін алғыс айтамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы аталған ауқымды жоба осы жылдар аралығында нағыз патриотизм мектебіне айналғанын, мыңнан аса жігіттер мен қыздарды бір тудың астына біріктіргенін айтты.

– Жастар мұнда әділ бәсекеге түсіп, темірдей тәртіптің не екенін біледі. Қысылтаянда бір-біріне

рымыз арасындағы достық, бірлік және түсіністік қағидаттарының беки түсуіне септігін тигізеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев іс-шараға қатысушыларды «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының аяқталуымен құттықтады.

– Даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының «Ерлік – елдің қасиеті» деген қанатты сөзі бар. Елге қызмет білімге ұмтылудан, қоршаған ортаға камкор болудан, келешек алдындағы жауапкершілікті терең сезінуден басталады. Сондықтан әрбір Отан қорғаушы азамат көзі ашық, көкірегі ояу, елге жанашыр, антқа адал, талапты әрі табанды болуға тиіс. Осы күндері сіздер нағыз достық пен

өзара құрметтің, ұйымшылдық пен мызғымас бірліктің жарқын үлгісін көрсеттіңіздер. Жарайсыздар! Жеңімпаз болған командаларды шын жүректен құттықтаймын! Рухты жастардың осылай бір алаңда бас қосып, тәжірибе алмасуы мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастық пен сенімді нығайта түсері сөзсіз. Әр сарбаздың айбыны асқақ болсын! Баршаңызға сәттілік тілеймін! Қасиетті Отанымыз – Қазақстанның аспаны ашық, болашағы жарқын болсын! – деп түйіндеді сөзін Президент.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Шоқан Уәлиханов атындағы әскери колледжге барды. Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне қарасты Шоқан Уәлиханов атындағы әскери колледждің қызметімен танысты.

Президентке халықаралық әскери-патриоттық жиынға қатысушылардың Dubai SWAT Challenge кедергілер жолағының баламасы ретінде жасалған «Айбын» кедергілер жолағымен жүріп өткен сәті және атыс дайындығын пысықтайтын Action Air дайындық алаңы көрсетілді.

Сонымен қатар жастарға патриоттық тәрбие берудің Айбун App цифрлық платформасы мен колледж кітапханасы таныстырылды.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы оқу-зертхана кешенін аралап көрді. Мұнда кадеттер елімізде құрастырылған симуляциялық қондырғыларда жаттығады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа отандық «Арлан» брондалған көлігі және ұшқышсыз авиация технологиялары секілді заманауи әскери техникалардың үлгілері көрсетілді.

Президент әскери колледж бастығы Айбек Ғабдраховқа автобус кілтін тапсырды.

Қорғаныс министрлігінің кадет корпусы Президенттің 1996 жылғы 1 шілдедегі Жарлығымен құрылған. 2000 жылы оқу орнына қазақ ғалымы және офицері Шоқан Уәлихановтың есімі берілді. 2020 жылы Кадет корпусының атауы Шоқан Уәлиханов атындағы әскери колледж болып ауысты.

САЯСАТ

27 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

ПАРЛАМЕНТ БЮДЖЕТ ЕСЕБІН БЕКІТТІ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Парламент палаталарының бірлескен отырысы өтті. Іс-шараға Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Премьер-министр Олжас Бектенов және Министрлер кабинетінің басқа да мүшелері қатысты. Депутаттар Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2025 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін тыңдап, бекітті.

Жиын барысында Қаржы министрі Мәди Такиев пен Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы Әлихан Смайылов баяндама жасады.

Мәжіліс депутаты Еркін Әбіл қосымша баяндамасында Үкіметтің макроэкономикалық тұрақтылықты сақтап, экономиканың 6,5% өсуін қамтамасыз еткенін атап өтті. Сонымен қатар алғаш рет ЖІӨ-дегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі тау-кен өндіру секторының үлесінен (11,9%) асып түсіп, 13%-ды құрады. Дегенмен, оның айтуынша, күрделі сын-қатерлер әлі де сақталып отыр.

— Жыл қорытындысы бойынша инфляция деңгейі 12,3%-ға жетіп, болжанған межеден едәуір асып түсті. Номиналды табыстардың өскеніне қарамастан, азаматтардың шығыстарының елеулі бөлігі бұрынғыдай азық-түлікке және қарыз міндеттемелерін өтеуге жұмсалуда, — деді депутат.

Депутат сондай-ақ республикалық бюджеттің негізгі параметрлері жалпы алғанда атқарылғанын, бірақ есептерді талдау бірқатар жүйелі проблеманың бар екенін көрсететінін атап өтті. Олардың

қатарында — салық түсімдеріне қатысты болжамдардың орындалмауы, бюджеттің Ұлттық қордан берілетін трансферттерге тәуелділігінің жоғары деңгейде сақталуы, мемлекеттік қарызды өтеу құнының өсуі және басқалары бар.

Бұдан бөлек, жыл бойы бюджет сегіз рет түзетілген. Депутаттың айтуынша, бұл бюджеттік жоспарлау сапасының төмендігін көрсетеді. Нәтижесінде, бюджеттен 75 млрд теңге сомасына 99 бюджеттік инвестициялық жоба алынып тасталған.

Сонымен қатар Сенат депутаты Нұрлан Бекенов те қосымша баяндама жасады.

Талқылау барысында Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Татьяна Савельева жаңа Салық кодексінің нормалары күшіне енгенін ескере отырып, кәсіпкерлік санаттары бөлінісінде салық түсімдеріне мониторинг жүргізу қажеттігі туралы мәселе көтерді. Ол 2025 жылы салық түсімдерінің ең жоғары өсім динамикасы шағын және микробизнеске тиесілі екенін (29,8% және 27,5%), ал ірі бизнес саласында өсім айтарлықтай төмен болғанын (9,4%) атап өтті. Комитет



басшысының айтуынша, дәл осы көрсеткіштер алдағы уақытта жана салық ережелерінің кәсіпкерлікті дамытуға және бюджеттің кіріс базасына әсерін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Депутаттар сондай-ақ отандық IT-компаниялардың шетел нарығындағы қызметінің нәтижелеріне, цифрлық экономиканы дамытуға және елімізде іске асырылып жатқан IT-жобалардың маңыздылығына назар аударды. Бұдан бөлек, шикізаттық емес экспортты дамыту мен қосылған құны жоғары өнім шығаруды қамтамасыз ете ала-

тын ірі индустриялық жобаларды іске асыру перспективалары талқыланды. Депутаттар 2026-2029 жылдарға арналған Кешенді жоспар шеңберінде қанша азамат мемлекеттік қолдауға ие болатынын нақтылады. Утильдеу алымынан түсетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуы мәселесіне де ерекше көңіл бөлінді.

Сонымен қатар республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептер бойынша Парламенттегі алты саяси партияның фракциялары өз ұсынымдарын берді. «Ауыл», Respublica, ҚХП, «Ақ жол» және «AMANAT» партиялық фракциялары депутаттардың

ескертулерін назарға ала отырып, экономикалық қызметке алдағы уақытта түзетулер енгізу шарты арқылы құжаттарды бекітуді қолдады. ЖСДП фракциясы Үкіметтің есебін қолдамай, қарсы дауыс берді.

Отырыс қорытындысы бойынша депутаттар Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2025 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекіту туралы шешім қабылдады. Парламент мемлекеттік органдармен бірлесіп отырып, анықталған проблемаларды шешу бойынша ұсынымдар әзірлеп, Үкіметке жолдады.

ӨТКІЗУ ПУНКТТЕРІ ТУРАЛЫ ХАТТАМА РАТИФИКАЦИЯЛАНДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар Өзбекстанмен арадағы мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімнің Хаттамасына енгізілген өзгерістерді ратификациялады.

Мәжіліс Қазақстан мен Өзбекстан үкіметтері арасындағы Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері туралы келісімге 2006 жылғы 4 қыркүйектегі Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы құжатты ратификациялады. Оны депутаттарға Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев таныстырды.

Хаттама бойынша «Сырдария — Малик» және «Целинный — Ок олтин» өткізу пункттерінің мәртебесі мен жұмыс режимі «екіжақты» мәртебеден «халықаралық (көпжақты)» болып өзгереді. Сондай-ақ жұмыс режимі «күндізгі уақыттан» «тәулік бойы» режиміне ауысады. Бұл ретте «Сырдария — Малик» өткізу пункті жеңіл және бос жүк көлік құралдарының өтуі үшін, ал «Целинный — Ок олтин» өткізу пункті үлкен көлемді және ауыр салмақты жүктер мен тауарлар үшін де қызмет көрсететін болады.

Мәжілістегі Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы, жұмыс тобының жетекшісі Нұртай Сабильянов қосымша баянда-

масында енгізілген түзетулер өткізу пункттерінің өткізу қабілетін арттыруға және екі ел арасындағы көлік-транзит әлеуетін дамытуға септігін тигізетінін атап өтті.

Бұдан бөлек, Мәжіліс «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экология және экономиканың жекелеген салаларын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға Сенат енгізген түзетулермен келісті.

Мәжілістің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы, жұмыс тобының жетекшісі Еділ Жанбыршин атап өткендей, Сенат енгізген өзгеріс заңның тұжырымдамасы мен мазмұнын өзгертпейді. Түзету климаттың өзгеруіне жаһандық ден қоюға Қазақстанның ұлттық деңгейде айқындалатын үлесі есебінен мемлекет резервке қоятын көміртегі бірлігінің үлесін төмендетуге бағытталған.

Жалпы отырыс соңында Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Палатаның сегізінші сайланымының төртінші сессиясы барысындағы қызметін қорытындылады.

Ол осы уақыт ішінде 40 жалпы отырыс өтіп, онда 334 мәселе қаралғанын айтты. 190 заң жобасы палата қарауында болды, оның әрбір үшіншісі депутаттардың бастамасымен әзірленді. Президент 110 заңға қол қойды.

— Сессияның ашылуында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев алдағы жылдардағы еліміздің стратегиялық даму бағдарын айқындап берді. Мемлекетімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды өзгерістер мен түбегейлі жаңғыру жолы, әсіресе заң шығару процесіне тың серпін әкелді. Ал депутаттар сол тарихи бет-бұрыстың заманауи заңнамалық негізін қалауға атсалысты, — деді Ерлан Қошанов.

Бірінші кезекте депутаттар жаңа Конституцияны іске асыру мақсатымен бірқатар конституциялық заң қабылдады. «Президент туралы», «Астананың мәртебесі туралы», «Әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы» заңдар жаңарды, сондай-ақ мүлдем жаңа «Құрылтай және оның депутаттарының мәртебесі туралы» және «Халық Кеңесі туралы» заңдар қабылданды. Ауқымды заң шығару жұмысы Президенттің цифрлық мемлекет құру жөніндегі тапсыр-



масын іске асыруға, Мемлекет басшысының «Заң мен Тәртіп» бастамасын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуге, жаңа экономикалық саясатты қалыптастыруға, сондай-ақ әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіріп, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталды.

Бұдан бөлек, жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі мәселелері бойынша Жоғары аудиторлық палатаның есебі тыңдалды, сондай-ақ екі Үкімет сағаты өткізілді. Оған қоса, қалыптасқан дәстүр бойынша, депутаттардың өңірлердегі кездесулері кезінде сайлаушылар көтерген түйткілдерді шешу бойынша Үкіметтің ақпараты

тыңдалды. Бірқатар өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелер Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның жеті отырысында қаралды. Азаматтарды мазалайтын проблемалар бойынша мемлекеттік органдарға 419 депутаттық сауал жолданды.

Ерлан Қошанов депутаттар мен Мәжіліс Аппаратының қызметкерлеріне атқарылған жұмыс үшін, Үкіметке жемісті ынтымақтастық үшін, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне палата қызметін насихаттауға атсалысқаны үшін алғыс айтып, баршаға мықты денсаулық және қуатты әрі прогрессивті ел құру жолындағы жауапты қызметтеріне табыс тіледі.

28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

27 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ



«ПАРАСАТ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Сенатта журналистер арасында өткен дәстүрлі «Парасат» байқауының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Кәсіби мереке қарсаңында бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев құттықтады.

Палата Спикері бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық ақпараттық күн тәртібін қалыптастырудағы және елімізде жүзеге асырылып жатқан реформалардың мәні мен мазмұнын халыққа түсіндірудегі айрықша рөліне тоқталды. Сондай-ақ ол қазіргі геосаяси сын-қатерлер мен жасанды интеллект қарқынды дамып жатқан кезеңде журналистердің қызметі жай ғана ақпарат таратумен шектелмейтінін атап өтті. БАҚ өкілдері бүгінде мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенім мен ашық диалогтың маңызды көпіріне айналып отыр.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Сенат Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келе жатқанын айтты. Бұл ретте палата бұқаралық ақпарат құралдарымен ашық әрі тығыз ықпалдастыққа басымдық беріп отырғаны да сөз болды.

«Қазір Қазақстан дамудың жаңа кезеңінде аса маңызды тарихи сәтті бастан өткеріп жатыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жалпұлттық референдумда жаңа Конституциямыз қабылданды. Осы үдерісте бұқаралық ақпарат құралдары айрықша рөл атқарғанын атап өткен жөн. Ашық пікірталастар, сараптамалар және телерадио эфирлері арқылы заңнамадағы әрбір норма тыңғылықты талқыланып, азаматтардың қолдауына ие болды. Сондай-ақ Конституциялық комиссия құрамында жұмыс істеген БАҚ өкілдері де бар. Мемлекет басшысы атап өткендей, олар Ата заңның тең авторларының біріне ай-

налды», – деп, Мәулен Әшімбаев журналистерді кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Айта кетейік, биыл «Парасат» байқауына қатысу үшін 150-ден астам өтінім келіп түсті. Байқауға телеарналар, радио, баспасөз басылымдары, ақпараттық агенттіктер, интернет-порталдар, сондай-ақ өңірлік және халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарының журналистері қатысты.

Сонымен, байқау жеңімпаздары 6 аталым бойынша анықталды. «Үздік телевизиялық материал» аталымында Ирина Әлімжанова (Qazaqstan телеарнасы), Ердәулет Байдуллаев («Хабар» телеарнасы), Әлібек Рзабаев («Бірінші Еуразия» телеарнасы) жүлдегер атанса, «Мерзімді баспасөздегі үздік материал» аталымында «Время» газетінің ұжымы, Гүлзина Бектасова (Aiqun газеті), Қарагөз Сімәділ (Ана тілі газеті) үздік деп танылды.

«Интернет-басылымдағы үздік жарияланым» аталымында Руслан Ғаббасов («ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі), Рабиға Дүйсенғұлова (Tengrinews.kz ақпараттық агенттігі), Зарема Абдрахметова (BES.media ақпарат агенттігі) озып шыкса, «Әлеуметтік желідегі үздік жарияланым» аталымы Сабина Садиева және Тимур Асылхановқа бұйырды.

«Жылдың үздік сараптамалық материалы» арнайы сыйлығын Боян Бркич (Euronews) еншілессе, «Парламенттік журналистиканы дамытуға қосқан үлесі үшін» арнайы сыйлығы Бану Әділжанға (Egemen Qazaqstan) табысталды.

Еңбегі еленген әріптестер мәртебелі жиын соңында Сенат Төрағасымен бірге естелік суретке түсті.

«ПАРЛАМЕНТ СӨЗІ» СЫЙЛЫҒЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Мәжілісте Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында журналистерге арналған «Парламент сөзі» сыйлығының қорытындысы жарияланды. Салтанатты жиында Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов журналистерді кәсіби мерекемен құттықтап, жеті номинация бойынша үздік деп танылған 17 адамды марапаттады.

Ерлан Қошанов өз сөзінде журналистердің ел дамуына қосқан үлесі мен Парламенттік журналистикаға сіңген еңбегі зор екенін атап өтті. Палата Спикері Мәжілістен хабар таратып, қабылданып жатқан заңдарды халыққа кең насихаттап жүрген тілшілер қауымына бірлескен табысты жұмыс үшін зор ризашылығын білдірді.

– Бүгін өздеріңізбен тарихи оқиға қарсаңында кездесіп отырмыз. Санаулы күннен кейін жаңа Ата заң күшіне енеді. Оны Тәуелсіздік шежіресінің жаңа парағы деуге болады. Сіздер осы тарихи өзгерістердің бел ортасында жүрсіздер. Ата заңды әзірлеу жөніндегі Конституциялық комиссияның құрамында 10-ға жуық журналист жемісті жұмыс атқарды. Өткен референдумда да, Парламент қабырғасында конституциялық заңдар қабылдау кезінде де елдік іске бәріңіз жұмылып атсалыстыңыздар. Сіздер Мемлекет басшысының реформалары мен бастамаларын халыққа жан-жақты түсіндіруге үнемі күш салып келесіздер. Алдағы уақытта да осы жолда жемісті еңбек ете бересіздер деп сенемін, – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы «Парламент сөзі» байқауы биыл 10-шы рет өтіп отырғанын, осы уақытқа дейін мәртебелі сыйлық 150-ден астам БАҚ өкіліне берілгенін айтты.

Салтанатты жиында Үздік баспа жарияланым үшін номинациясы – «Егемен Қазақстан» газетінің журналисі Пазылов Орынбек Өтемұратұлына және «Казахстанская правда» газетінің тілшісі Магер Юлия Дмитриевнаға табыстал-

ды. «Үздік телевизиялық сюжет үшін» номинациясы Qazaqstan телеарнасының тілшісі Қабышева Самал Ермұхаметқызына, «7 канал» телеарнасының журналисі Касенова Асемгуль Канатовнаға, «Астана» телеарнасының тілшісі Газизова Акбота Арнайқызына берілді.

Ал «Үздік бейне-сурет материалы үшін» номинациясымен Jibek Joly телеарнасының операторы Шәріпхан Сапаракын Зұлпыхарұлы, «Үздік интернет және радио материалы» номинациясымен Inbusiness.kz сайтының тілшісі Смаилова Балжан Алдиярқызы, Informbugo.kz сайтының журналисі Пичененко Мария Константиновна, «Шалқар» радиосының жүргізушісі Доскеева Гүлнұр Омарханқызы және QR.News ақпараттық сайтының редакторы Канат Сапарғали Танатұлы марапатталды.

«Арнайы репортаж» номинациясын 24.kz телеарнасы Mazhilis.live бағдарламасының жүргізушісі Кенжебаева Назым Қайратқызы, КТК телеарнасының журналисі Абрамова Анна Александровна, Tiek.kz сайтының редакторы Әлібай Бақытнұр Балтабекұлы алды.

Сонымен қатар «Парламенттік журналистиканы дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясымен Қабылбеков Нағашыбай Жолдыұлы мен Коскина Айнура Тлеубековна марапатталды.

«Парламент сөзі» арнайы номинациясы «Айқын-Литер» ұжымы мен «Еуразия» Бірінші арнасы» ұжымына табыс етілді.

27 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

«ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ІСКЕРЛІК КЕҢЕСІ ҚҰРЫЛДЫ

«Әділет» партиясының төрағасы Айбек Дәдебай Іскерлік кеңес құрылғанын көлік-логистика саласының өкілдерімен өткен кездесуде мәлімдеді. Іс-шараға орталық мемлекеттік органдардың, ірі компаниялар мен салалық бірлестіктердің басшылары қатысты. Кездесуде Мемлекет басшысы еліміздің экономикалық өсімінің негізгі бағыттарының бірі ретінде айқындаған көлік-логистика саласын дамыту мәселелері қаралды.

Айбек Дәдебайдың айтуынша, қуатты бизнес пен мемлекет, кәсіпкерлер және сарапшылар қоғамдастығы ұдайы өзара ықпалдасып отырмайынша, экономика тұрақты дамымайды. Сондықтан «Әділет» партиясының Іскерлік кеңесі диалог құруға және ортақ шешімдер әзірлеуге арналған тұрақты алаңға айналады.

қорытынды бойынша сала 20,4%-ға өсіп, оның ЖІӨ-дегі үлесі 6,1%-ға жетті, ал транзиттік тасымал көлемі 39 млн тоннадан асты. Партия төрағасының айтуынша, көлік пен логистика – экономикалық өсімнің жаңа табыс көзі. Ал транзит жеке табысы, экономикаға қосатын үлесі және жұмыс орындары бар дербес экономикалық салаға айналып келеді.



«Транзит енді тек жолдар, теміржолдар мен терминалдар мәселесі ғана емес. Ол өз табысы, жұмыс орындары, экономи-

калық өсімге қосатын үлесі бар дербес экономика саласына айналып келеді. Біз үшін бұл тек жүк тасымалданатын бағыт емес. Бұл – өз өндірісімізді дамыту, экспорт көлемін арттыру және еліміздің барлық өнірінде жаңа табыс көздерін құру мүмкіндігі», – деді Айбек Дәдебай.

«Қазақстан Автокөлікшілер Одағы» ЗТБ атқарушы директоры Мұрат Амрин көлік саласы партиямен тұрақты диалог орнатуға және заңнамалық бастамаларды бірлесіп әзірлеуге мүдделі екенін атап өтті.

«Көлік бизнесі «Әділет» партиясының бағытын қолдайды, себебі ол әділдік, ашық диалог және бүгінде еліміздің түкпір-түкпіріндегі кәсіпкерлерді толғандырған мәселелерді іс жүзінде шешу қағидаттарына негізделіп отыр. Дәл осындай тәсіл экономиканың белсенді қатысушыларын партия төңірегін топтастыруға және салаларды дамытуға бағытталған нақты ұсыныстар қалыптастыруға мүмкіндік береді», – деді Мұрат Амрин.

Кездесуге қатысушылар теміржол тарифтерін қалыптастыру, инвестиция тарту, ха-

лықаралық автомобиль тасымалдарын, жүк авиациясын дамыту және саланы одан әрі цифрландыру мәселелерін талқылады. Мемлекет пен бизнес арасындағы өзара ықпалдастық моделіне ерекше назар аударылды.

«Солай бола тұра, бизнес дегеніміз тек кәсіпорындар емес, ең алдымен сол кәсіпорындарда еңбек ететін адамдар. Сондықтан біз үшін еңбек ұжымдары, мамандар мен инженерлік кадрлар тап болатын мәселелерді көру маңызды. Міндеттер түсінікті болуы керек: мемлекет базалық инфрақұрылымды дамытып, ереже белгілейді, ал бизнес инвестиция салады, қызмет көрсетеді және жүк ағыны үшін бәсекеге түседі», – деп түйіндеді партия төрағасы.

Іскерлік кеңес тұрақты жұмыс істеуі үшін экономиканың әртүрлі саласын қамтитын жеті тең төраға айқындалды. Олардың қатарына Qarmet және Allur Group жетекшісі Андрей Лаврентьев, «Қазақтелеком» АҚ көлік басқарма төрағасы Бағдат Мусин, кәсіпкер Геннадий Зенченко, Қазақстан инвесторлар одағының басқарма төрағасы Рустам Жүрсінов, Қазақстандық салық кеңесшілері қауымдастығының мүшесі Айжан Балакешова, Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары қауымдастығының вице-президенті Инна Апенко, сондай-ақ ERG менеджерлер кеңесінің мүшесі және Integra Construction KZ бақылау кеңесінің төрағасы Шахмұрат Мүтәліп енді.

Кездесу қорытындысы бойынша Айбек Дәдебай Іскерлік кеңес тұрақты жұмыс істейтін алаңға айналатынын атап өтті. Онда кәсіпкерлікті, экономиканың түрлі саласын дамыту және мемлекет пен бизнес арасындағы өзара ықпалдастықты жетілдіру жөніндегі бастамалар әзірленеді.

М.ТӨЛЕУ



«Біз үшін бизнес – тұтас экономиканың қозғаушы күші. Кәсіпкерлер тәуекелге барып, жаңа іс бастайды, өндіріс ашады, елді алға бастайды. Әрбір кәсіпорын – бұл жаңа жұмыс орындары, отбасылардың табысы, бюджетке түсетін салық деген сөз. Ал сол салықтың есебінен мектеп те, аурухана да, жол да салынады. Осылайша, тұтас өңірлердің тұрақтылығы қалыптаспақ», – деді ол.

Бүгінде Қазақстан Еуразиядағы ең ірі көлік-транзиттік хабтардың бірі ретіндегі позициясын нығайтып келеді. Былтырғы



Тарихы терең, тағдыры өнегелі өңір жаңару алдында тұр. Үкімет қабылдаған жасампаз құжат – «Қостанай облысының Арқалық қаласын, Амангелді және Жангелді аудандарын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2026-2028 жылдарға арналған кешенді жоспары» өлке тамырына қан жүгіртпек. Президент пәрменімен басталған бетбұрыс ежелгі Торғай мен арқалы Арқалық аймағының экономикалық әлеуетін арттырып қана қоймай, оның әлеуметтік келбетін де тың тұрпатта түрлендіруге тиіс. Құлазыған далаға жан бітіретін қандай жобалар қолға алынады? Өңірге келер инвестиция халық тұрмысын қалай өзгертпек?

Айхан ШӘРІП

АРҚАЛЫҚКА ЖАҢА ДЕМ

Өкінішке қарай, көп жылдан бері өркендеу көшінен кешігіп, тоқырау құрсауында қалған Арқалық шаһарын және өлкенің қос қанаты – Амангелді, Жангелді аудандарын әлеуметтік-экономикалық дамытуға Үкіметте Вице-премьер – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин жауапты. Оның жетекшілігімен тиісті кешенді жоспарды қаржыландыру мен іске асыру тетіктері талқыландырылған арнайы алқалы жиын өтті. Құжат Қасым-Жомарт Тоқаевтың соңғы Жолдауында айтылған тапсырмаларын орындау үшін әзірленді және Үкімет қаулысымен бекітілді.

– Жаңа жобалар аймақтың экономикалық белсенділігін арттыруға ықпал етеді, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді, сондай-ақ басқа да бірқатар саланың дамуына серпін береді. Сондықтан бұл жұмыс өз жалғасын табады. Жалпы, Торғай аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуы Үкіметтің айрықша назарында болуы керек, – деп екпін түсірді Мемлекет басшысы Жолдауда.

Осы орайда үш жылдық жоспар 10 негізгі бағытты қамтиды және 51 ірі іс-шарадан тұрады. Бұл ондық – өнеркәсіп және көлік, туризм және спорт, агроөнеркәсіп кешені, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, жылумен қамту, электрмен жабдықтау, су бұру мен азаматтық қауіпсіздік.

– Іс-шаралар өндірістік әлеуетті дамытуға, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғыртуға, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, сондай-ақ инвестиция тарту және жаңа жұмыс орындарын ашу үшін жағдай жасауға бағытталған. Жоспарда агроөнеркәсіптік кешенді, оның ішінде мал шаруашылығын дамытуға, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға, сондай-ақ кәсіпкерлік және инвестициялық белсенділікті қолдауға ерекше назар аударылды, – деді Серік Жұманғарин.

Оның мәліметі бойынша, Арқалықта бірқатар ірі инвестжобаны іске асыру көзделіпті. Бұл қатарға 6 мың бас ірі қара малға модульдік репродуктор құру, желатин және биоактивті сүйек матрицасын шығаратын зауыт салу, 10 мың бас қой үшін мал шаруа-

ТОРҒАЙ ДАЛАСЫНЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ: ӨЛКЕ ҚАЛАЙ ТҮЛЕМЕК?



Фото: Бергболат КӨРКЕМБАЕВ

шылығы кешені, 6 мың басқа арналған бордақылау алаңы жатады. Бұдан басқа, құрама жем зауытын пайдалануға беру, қуаттылығы жылына 300 млн жұмыртқа шығаратын құс фабрикасын кеңейту және жаңғырту жоспарланған. Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов 2026 жылға жалпы сомасы 78,4 млрд теңгеге 33 іс-шараны іске асыру жоспарланғанын хабарлады. Қазір іс жүзінде 39,2 млрд теңге бөлінді.

– Біз барлығының жоспарлы мерзімде іске асырылуы үшін қажеттінің бәрін жасаймыз. Осы жылы облыстық бюджеттен 8,8 млрд теңге бөлінді. Бұл негізгі жобаларды толық көлемде қаржыландыруға мүмкіндік берді. Олардың ең бастысы – Арқалық әуежайының құрылысы. Бүгінде әуеайлақ инфрақұрылымын қайта жаңарту, жолаушылар терминалын салу және қажетті жабдықтарды сатып алу тиісті қаржымен толық қамтамасыз етілді. Жұмыс қатан түрде кесте бойынша жүргізіліп жатыр, – деп сендірді Құмар Ақсақалов.

Ол сондай-ақ алдағы тамызда нысан пайдалануға берілетінін жеткізді. Әуежайды іске қосу әуе қатынасын қалпына келтіріп қана қоймай, көлік қатынасы, инвестициялық тартымдылықты айтарлықтай арттырып, өңірді дамытудың жаңа кезеңін ашуға тиіс.

Арқалықтағы ірі кәсіпорынның бірі саналатын Arkalyk QUS ЖШС құс фабрикасының тен құрылтайшысы Максим Божко кәсіпорынды екі сатылы жаңғырту жобасын таныстырды. Бұл өндіріс көлемін 2 есеге – жылына 150 млн-нан 300 млн жұмыртқаға ұлғайтуға мүмкіндік береді.

– Биыл 70 млн жұмыртқаға арналған жаңа құс қораларын пайдалануға беруді және төл құрама жем зауытын салуды жоспарлап отырмыз. Келесі жылы тағы 80 млн дана құс үйі іске қосылады. Екі кезенді жүзеге асыру қорытындысы бойынша құс фабрикасының қуаты жылына 300 млн жұмыртқаға жетеді. Қазір бізде шамамен 250-270 адам жұмыс істейді. Штатты 370 қызметкерге дейін көбейте отырып, 100-ден астам қосымша жұмыс орнын құруға мүмкіндік бар, – деді М.Божко.

ДАМУҒА 165 МИЛЛИАРДТЫҚ МҮМКІНДІК

Кезінде кенді бокситі бітіп, қараң қалған қалаға айнала бастаған Арқалыққа жан бітеді. Шаһарға мемлекеттік және жеке инвестициялар құйыла бастады. Мысалы, тәуелсіздік жылдарында алғаш рет Арқалық қаласы әуежайының



ұшып көтерілу-қону жолағын, рөлдеу жолын және перронын реконструкциялау үшін 2026 жылы республикалық бюджеттен – 5 млрд 712,6 млн, ал жергілікті бюджеттен – 2 млрд 73,3 млн теңге бөлінді. Осының арқасында алда Арқалық әуежайы алып ұшақтарды қабылдай бастайды. Ірі әуе көліктерін қабылдау қажетті шығынды қажет ететін іс: қала әуежайының аэронавигациялық мұнарасы үшін жабдық, метео және навигациялық құрылғылар алу 7,5 миллиард теңгеге түспек.

90-жылдары «ақ қанатты самұрықтар» ұшып келуді тоқтатқан соң әуе қақпасы қаңырап бос қалып, әуежайы қираған еді. Арқалық қаласының ескі әуежайы орнында автономды қазандығы бар жаңа терминалдың I кезегін салу үшін 2026 жылы қос бюджеттен тиісінше 3 миллиард және 968,1 млн теңге жұмсалды. Оны тездетіп бітіріп, II кезегіне жыл соңына дейін кірісу қарастырылған. Оған орталықтан 5 млрд теңге бағытталады.

Геологтар бұл өңірдің түрлі кенге бай екеніне сенімді. Оны тереңнен табу үшін 2026-2028 жылдары мемлекет пен жеке инвесторлар есебінен 328 шаршы шақырымда 1:50 000 масштабтағы жалпы іздеу мен геологиялық түсірілім жасалып, жер қойнауы мұқият зерделенеді.

Өңір туризмді де дамытуға ниетті. Арқалықта жеке инвестор биыл Hanzada кемпингін іске қоспақ: бұл жобасына 400 млн теңге шығындаған. Өзге инвестор Амангелді ауданының Амангелді ауылында 2026 жыл соңына дейін көпбейінді туристік кешен тұрғызады және оған 3,5 миллиард теңге құйып жатқан көрінеді. Мұның сыртында 2028 жылы жеке инвестиция есебінен Жангелдин ауданының Торғай үстіртінде глэмпинг ұйымдастырып, «Интераншылық» аңшылық туризмі жобасын дамыту көзделген. Өңірге келетін туристердің саяхатын мазмұнды ету үшін Қостанай облысының әкімдігіне «Киелі, мәдени және туристік объектілерге

баратын экскурсиялық маршруттарды» әзірлеу жүктелді.

Спортты дамыту бағытында әкімдіктің, «Самұрық-Қазына» қорының қаржыландыруымен 2026 жыл аяқталғанша Арқалықта денешынықтыру-сауықтыру кешені (құны 710 млн теңгедей), жабық хоккей корты (545 млн теңге), Ы.Алтынсарин атындағы АрқПУ-дың денешынықтыру-сауықтыру кешені (605,8 млн теңге) бой көтереді. 465 млн теңгеге 2026-2027 жылдары Амангелді ауылындағы стадион реконструкцияланады.

Қаладағы ең ірі жоба – 2028 жылы қолданысқа берілуге тиіс желатин және биоактивті сүйек матриксін шығаратын зауыт. Оған жеке инвестор 20 миллиард теңге инвестиция құяды. Осы жылы Арқалықта тері-былғары өнеркәсібі – былғары жартылай фабрика өндірісі қалпына келтірілмек. Бұл жеке инвесторға 6,1 млрд теңгеге түседі.

Агроөнеркәсіп кешені саласында Арқалық қаласында құрама-жем зауытын пайдалануға бере отырып, қуаты жылына 300 млн данаға дейін жұмыртқа шығаратын жұмыртқа құс фабрикасын кеңейту және жаңғырту жобасы қолға алынды. Оған республикалық бюджеттен 3 млрд 325 млн теңге арзан (2,5%) бюджеттік кредит беріледі. Божконың Arkalyk QUS компаниясы 1 млрд 422 млн теңге қаржысын құяды.

Сондай-ақ қалада тауық саңғырығынан органикалық тыңайтқыш жасайтын қайта өңдеу зауыты 2028 жылы іске қосылуға тиіс. Оған мемлекет 500 млн теңге қаржы жұмсайды, басқа көздерден 2 млрд теңге тартылмақ. Сондай-ақ кешенді жоспарға сәйкес, биыл Арқалықта 6 мың бас ірі қара малға арналған модульді репродуктор құрылады. Оған жеке инвестор – 4,4 млрд, бюджет – 1 млрд 100 млн теңге қаржы береді.

Бюджеттік кредиттеу есебінен 2026 жылы Арқалықта 10 мың бас қойға арналған мал шаруашылығы кешенін тұрғызу жобасының құны – 2,1 млрд теңгені, 6 мың

қойға арналған бордақылау алаңы – 1,5 млрд теңгені, 2027 жылы Жангелдин ауданының Шилі ауылында 5 мың ІҚМ-ға арналған бордақылау алаңы – 2 млрд теңгені, Амангелді ауданында 10 500 тонна көкөніс сақтау қоймасы жобасы 2 млрд теңгені құрайды.

БОЛАШАҚҚА БАСТАР АРНА

Айта кетер жайт, жобаларды нақты жеңілдікпен кредиттеу үшін Қостанай облысы әкімдігінің қаулысымен «Өрлеу-Торғай» кіші бағдарламасы бекітілуі қажет. Бағдарламаға жергілікті бюджеттен – 300 млн, ал жеке инвесторлар тарапынан 600 млн теңге беріледі.

Ал кешенді жоспар аясында өңірде балабақшалар, мектептер, балалардың шығармашылығы үйі, фельдшерлік-акушерлік пункт және басқа әлеуметтік нысандар бой көтереді, жылу желілері, су құбырлары жөндеуден өтеді деп күтіледі. Бұл құжатқа кірген 51 жобаны жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен – 52 млрд 808,1 млн, жергілікті бюджеттен – 22 млрд 851,3 млн теңге, жеке инвесторлардан – 61 млрд 419,4 млн, басқа көздерден – 28 млрд 444,9 млн теңге, жалпы сомасы 165 миллиард 523,7 миллион теңге тартылады деп жоспарланған.

Өз кезегінде депутаттар жоспардағы 51 жобамен шектелмей, Торғай өңірінде мегажобаларды жүзеге асыруды ұсынды. Олар Үкіметке «Ертіс – Қаныш Сәтбаев каналы – Есіл – Торғай – Арал теңізі» бағыты бойынша су тасымалдайтын алып арна жобасын жүзеге асыруды ұсынды. Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиевтің айтуынша, бұл – жай экологиялық мәселе емес. Осы каналдың арқасында Торғай өңірінде мал, егін және балық шаруашылығы өркендейді, азық-түлік қауіпсіздігі нығаяды, өңірдің экспорты артады. Сондай-ақ оның бойында су электр стансаларын салып, энергетиканы, өзге өндірісті дамытуға болады. Мәселен, жаңа кен орындары сумен қамтамасыз етілер еді.

«Бұл тұтас өңірлердің болашағына әсер ететін аса маңызды жоба болады. Ол бүкіл Қазақстанның су қауіпсіздігін күшейтеді. Бұл жобаның артықшылығы – су табиғи еңіс-ойпат пен табиғи арналар арқылы ағатындықтан, қымбат сорғы стансаларын көп қажет етпейді әрі энергия шығыны төмен болады. Ұлы даладағы еріген қар мен жаңбырдың тасқын суын бұру арқылы Есіл бойындағы елді мекендерді су басу қаупін азайтуға мүмкіндік туады. Бүгінде «Арал – Каспий бассейнінің экожүйесін қайта жаңғырту халықаралық қоры» аталған өзен суларын табиғи арналары арқылы байланыстыру жобасын әзірлеп, оны іске асыруға дайын екенін білдірді», – деді депутат.

Қорыта айтқанда, құнттаса, көңіл бөлсе, Торғай мен Арқалық өңірінің болашағын кемел етуге болады. Өлке географиялық тұрғыдан тиімді орналасқандықтан, ол Еуропа мен Азия арасындағы басты транзиттік буынға айнала алады: «Орталық – Батыс» автожолы құрылысы, жол жөндеу, Арқалық әуежайын қалпына келтіру, Астана – Ырғыз трассасында жанар-жағармай стансаларын салу және басқа инфрақұрылымдық бастамалар оның осы мол әлеуетін қажетке жаратуға бағытталған.

28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

27 МАУСЫМ 2026 | СЕНБИ

ҰЛТ МҰРАТЫ



ҚАЗАҚША КОНТЕНТ КҮШ АЛЫП КЕЛЕДІ

Қазақ журналистикасы қашанда ұлт мұратына қызмет етіп келеді. Оның тамырында ағартушылық та, елдік те, жауапкершілік те бар. Бір кездері ұлт зиялылары баспасөзді халықты оятудың құралы етсе, бүгінгі журналистер ақпарат тасқынының ішінде қоғамға бағыт-бағдар беретін сенімді арнаға айналуға тиіс. Себебі қазіргі оқырман мен көрермен бұрынғыдан әлдеқайда талғампаз. Ол тек жаналық оқымайды, оның астарындағы мәнді іздейді. Тек дерек емес, түсіндіруді күтеді. Тек жылдамдық емес, сапа талап етеді.

Бүгінде елімізде ресми тіркелген бұқаралық ақпарат құралдарының саны 4 800-ден асады. Оның ішінде мерзімді баспасөз де, телеарналар мен радиолар да, ақпараттық агенттіктер мен интернет-басылымдар да бар. Бұл – Қазақстанда ақпарат кеңістігінің кеңейгенін, медиа нарықтың сан салалы сипат алғанын көрсетеді. Әсіресе кейінгі жылдары интернет-басылымдар мен цифрлық платформалардың ықпалы күшейді. Ақпарат енді тек газет бетінде немесе теледидар экранында өмір сүрмейді. Ол смартфонға көшті, әлеуметтік желіге енді, қысқа видеоға, подкастқа, тікелей эфирге айналды.

Осындай өзгерістер кезеңінде қазақ тіліндегі ақпараттың үлесі артып келе жатқаны – ерекше назар аударатын құбылыс. Қазақ тілі бүгінде тек дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының ғана емес, цифрлық кеңістіктің де негізгі тіліне айналып келеді.

Бұл мәселе жуырда Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен өткен Мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі комиссияның отырысында кеңінен талқыланды. Жиында ұсынылған мәліметтерге сәйкес, бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарындағы онлайн материалдардың 78 пайызы қазақ тілінде жарияланады. Интернет-ресурстардың шамамен 60 пайызы мемлекеттік тілде жұмыс істейді, ал отандық телеөнімдердің 70 пайыздан астамы қазақ тілінде эфирге шығады. Бұл көрсеткіштер қазақ тілінің ақпараттық кеңістіктегі орны жылдан-жылға нығайтып келе жатқанын аңғартады.

Аида Балаева мемлекеттік тілдегі контенттің үлесімен қатар, оның сапасына басымдық беру қажеттігін айтты. Министрдің айтуынша, ендігі міндет – қазақ тіліндегі ақпараттың бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп, бұқаралық ақпарат құралдарында әдеби тіл нормаларын, сөз мәдениеті мен стильдік талаптарды қатаң сақтау. Сонымен бірге отандық кино өнімдерінің тілдік сапасына тұрақты бақылау жүргізу және мемлекеттік тілдегі мазмұнның деңгейін арттыру жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

БАСПАНА – БАҚ-қа АРНАЛҒАН ИГІ БАСТАМА

Мемлекет тарапынан журналист мәртебесін арттыруға бағытталған нақты қадамдар да жүйелі жалғасып келеді. Кейінгі жылдары кәсіби мереке қарсаңында бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне баспана кілтін табыстау

Ақпараттың тағдырды да, тарихты да өзгертер күші бар. БАҚ-тағы бір ғана сөйлем қоғамдық пікір қалыптастырса, бір ғана мақала замана бейнесін айқындауы мүмкін. Қандай кезең болмасын, уақыттың тамырын дәл басып, ел мен қоғамның арасын жалғап келе жатқан күш – журналистика. Сондықтан 28 маусым – тек кәсіби мереке емес, ақпараттың қадірін, сөздің жауапкершілігін және ақиқатқа адал қызмет етудің құнын еске салатын ерекше күн. Бүгінгі цифрлық дәуірде ақпарат тарату тәсілі өзгергенімен, журналистиканың басты миссиясы өзгерген жоқ.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Бүгінгі медианың құнын ақпараттың жылдамдығы емес, оның салмағы мен сенімділігі айқындайды. Бұл үрдіске Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та ерекше назар аударып келеді. Президент «Түркістан» газетіне берген сұхбатында газет-журналдардың қайта өрлеу дәуірі басталғанын айтып, әлеуметтік желі жедел ақпарат таратқанымен, терең ой мен салмақты сараптаманың мекені әлі де дәстүрлі баспасөз екенін атап өтті.

«Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады. Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқытыным рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген

мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын», – деді Президент.

Президенттің бұл пікірі журналистиканың бүгінгі миссиясымен толық үндеседі. Ақпараттық кеңістікте жасанды интеллект, әлеуметтік желі және түрлі



Бүгінгі журналистер екі маңызды рөлді қоса атқаруға тиіс. Олар шындықты боямасыз көрсететін айна болуы керек. Сонымен қатар ұлтты өркениетке жетелейтін ағартушылық жолдағы шамшыраққа айналуы қажет. Біз біртұтас ұлт болып, заманауи мемлекет құрып жатырмыз. Бірақ бұл төл құндылықтарымыздан қол үзу деген сөз емес.

цифрлық платформалар үстемдік құрғанымен, қоғам әлі де кәсіби сүзгіден өткен, дәлелге негізделген, жауапкершілікпен дайындалған материалға мұқтаж. Өйткені уақыт өткен сайын жаналықтың емес, оның ақиқаттығы мен сапасының құны артып келеді.

Бұл ұстаным Мемлекет басшысының Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерін марапаттау рәсімінде сөйлеген сөзінде де айқын көрініс тапты. Президент журналист ең алдымен қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуі қажет екенін айтып, ақпарат құралдарының ел болашағына әсер ететін күш екенін ерекше атап өтті.

«Бүгінгі журналистер екі маңызды рөлді қоса атқаруға тиіс. Олар шындықты боямасыз көрсететін айна болуы керек. Сонымен қатар ұлтты өркениетке жетелейтін ағартушылық жолдағы шамшыраққа айналуы қажет. Біз біртұтас ұлт болып, заманауи мемлекет құрып жатырмыз. Бірақ бұл төл құндылықтарымыздан қол үзу деген сөз емес. Сол құндылықтарды жаңғырту ісінде журналистер қауымына зор үміт артамыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл сөздер журналистиканың қоғамдағы орнын тағы бір мәрте айқындап берді. Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне мемлекет денгейінде ерекше көңіл бөлінуі де осы жауапкершіліктің маңызын аңғартады. Соның жарқын көрінісі – 28 маусымның кәсіби мереке ретінде белгіленуі. Бұл мереке 2019 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ресми түрде кәсіби мерекелер күнтізбесіне енгізілді. Датаның тандалуы да кездейсоқ емес. Себебі дәл осы күні, 1997 жылғы 28 мау-

Әсел БАЛТАҚЫЗЫ (қолжазба)

28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

27 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

ЖОЛЫНДАҒЫ ШАМШЫРАҚ

игі дәстүрге айналды. Егер бұрын бұл қолдау негізінен елордадағы журналистерге көрсетілсе, биылдан бастап оның ауқымы кеңейіп, өңірдегі қаламгерлер де қамтылатын болды. Бұл – ақпарат майданының алдыңғы шебінде жүрген әрбір журналистің еңбегі қай өңірде жүрсе де бірдей бағалануға тиіс деген ұстанымның көрінісі.

Ақордада өткен БАҚ өкілдерін марапаттау рәсімінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ журналистикасының қай кезеңде де ұлттың рухани тірегіне айналғанын ерекше атап өтті. Мемлекет басшысы аға буынның ағартушылық дәстүрі бүгінгі журналистердің қызметінде де жалғасып келе жатқанын айтып, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігіне жоғары баға берді.

– Қазақ журналистикасының тарихына көз жүгіртсек, қай уақытта да ұлт мүддесін бәрінен биік қойған тұлғаларды көреміз. Олар халықтың санасын оятып, елдің еңсесін тіктеуге қызмет етті, білім мен ғылымды насихаттап, ағартушылық миссияны абыроймен атқарды. Бүгінгі журналистер сол игі жолды лайықты жалғастырып келеді. Ақпараттың дәлдігі мен әділдігі үшін аянбай еңбек етіп жүрген баршаңызға шынайы алғысымды білдіремін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы журналист еңбегін бағалау тек марапатпен шектелмеуі керектігін де айтты. Оның пікірінше, қоғам үшін маңызды міндет атқаратын ақпарат саласы қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту – мемлекеттің тұрақты назарындағы мәселе. Осыған байланысты биыл алғаш рет облыстарда еңбек етіп жүрген журналистерге де баспана беру туралы шешім қабылданды.

– Жыл сайын кәсіби мереке қарсаңында журналистерге баспана кілтін табыстау жақсы дәстүрге айналды. Кейінгі үш жылда Астананың өзінде екі жүзге жуық медиа қызметкері жаңа қонысқа ие болды. Енді бұл қолдау тек елордамен шектелмеуі керек деп санаймын. Аймақтарда жүріп сапалы ақпарат таратып, ел үшін аянбай еңбек етіп жүрген тілшілердің де еңбегі жоғары бағалануға лайық. Сондықтан менің тапсырмаммен биыл алғаш рет облыстарда жұмыс істейтін журналистерге де пәтер кілті табыс-талады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл бастама өңірлік журналистиканы қолдаудың жаңа кезеңін білдіреді. Себебі ел өміріндегі маңызды оқиғалардың басым бөлігі дәл аймақтарда басталады. Халықтың мұң-мұқтажын, өңірдің тыныс-тіршілігін, ел ішіндегі өзекті мәселелерді республикаға жеткізіп жүрген де – сол жергілікті тілшілер. Сондықтан олардың еңбегіне мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетілуі – ақпарат саласының дамуына жасалған маңызды инвестиция. Биыл республика бойынша 66 медиа қызметкерінің баспаналы болуы осы қамқорлықтың нақты нәтижесіне айналып отыр.

ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ ҚАЛАМГЕРЛЕР

Журналист үшін ең үлкен марапат – оқырманның сенімі. Бірақ мемлекет өз өмірін ақпарат саласына арнаған азаматтардың еңбегін бағалауды да назардан тыс қалдырмай келеді. Кейінгі екі жылдың өзінде бұған бірнеше жарқын мысал болды. Өткен жылы қазақ журналис-

тикасының ардагері Сауық Жақанованың көп жылғы еңбегі лайықты бағаланса, биылғы марапаттың мәні тіпті бөлек еді. Бір ғасырдан астам ғұмыр кешкен, қазақ телевизиясының алғашқы қарлығаштарының бірі, ана тіліміздегі тұңғыш эфирді жүргізген Зұлқия Жұматова 106 жасында мемлекеттік наградамен марапатталды.

Бұл – бір ғана адамның мерейі емес, қазақ телевизиясының тұтас тарихына көрсетілген құрмет болатын. Себебі эфирден алғаш рет қазақша сөйлеген сол буын кейінгі мыңдаған журналистің жолын ашты. Олар ақпарат таратып қана қойған жоқ, ұлттық телевизияның

журналист пен шығармашылық ұжымдар жоғары мемлекеттік наградаларға ие болды. Президенттің Алғысхатына ие болғандардың қатарында отандық телевизияның көшбасшы арналарының бірі «Астана» телеарнасының ұжымы да бар. Бұл марапат жылдар бойы қалыптасқан кәсіби мектепке, күн сайын эфир үшін еңбек ететін журналистердің, редакторлардың, операторлар мен режиссерлердің ортақ жұмысына берілген баға екені анық. Марапатқа ие болғандар қатарында республикалық басылымдар да болды.

Дәстүрлі парламенттік байқаулар да биыл ерекше мазмұнмен өтті. Парламент

жаңа медианың өкілдері де болғаны. Бұл соңғы жылдары ақпараттық саясатта қалыптасып келе жатқан жаңа үрдісті аңғартады. Ең басты талап – аудиторияның көптігі емес, қоғамға берер пайдасы, ұлттық құндылықтарды дәріптеуі және сапалы контент қалыптастыру.

Соның айқын мысалы – Президенттің БАҚ саласындағы грантына ие болған Sayahat Time жобасының авторы Жазира Байдалы. Көпшілікке Ернар Алмабек пен Жазира Байдалының отбасылық жобасы ретінде танылған бұл арна бірнеше жылдың ішінде Қазақстанның туристік әлеуетін насихаттайтын ең танымал қазақтілді медиажобалардың біріне айналды. Олар ел картасында көпшілік біле бермейтін тарихи орындарды, ұлттық мұраны, шалғай ауылдардың тыныс-тіршілігін көрсетіп қана қоймай, туған жерге деген қызығушылықты арттыруға үлес қосып келеді.

Бұл марапаттың астарында маңызды белгі жатыр. Бұрын мемлекеттік сыйлықтар негізінен классикалық журналистика өкілдеріне беріліп келсе, бүгінде цифрлық кеңістікте елдің мәдениеті мен тарихын, туризмін, отбасы құндылықтарын және ұлттық болмысты насихаттап жүрген контент авторлары да мемлекеттік деңгейде мойындала бастады. Бұл ақпараттық саясаттың өзгеріп жатқанын ғана емес, қоғамға оң ықпал ететін мазмұнның қай платформада жарияланса да, бағаланатынын көрсетеді.

Мұндай қадам қазіргі медианың табиғатына да толық сай келеді. Өйткені бүгін ақпаратты тек газеттен немесе телеарнадан ғана емес, YouTube, әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалардан тұтынатын үлкен аудитория қалыптасты. Сондықтан сапалы әрі тәрбиелік мәні бар контентті қолдау – уақыт талабы. Биылғы марапаттар осы ұстанымның нақты көрінісіне айналды.

«ҚАЛАМЫ» ҚҰАТТЫ ЕЛ ОЗАР

Қазіргі геосаяси жағдайда ақпарат жай ғана жаңалық таратудың құралы емес. Ол – қоғамдық тұрақтылыққа ықпал ететін, ұлттық бірегейлікті нығайтатын әрі мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стратегиялық ресурс. Сондықтан медиаға салынған инвестиция – ең алдымен елдің болашағына салынған инвестиция.

Қолға алынған бастамалар ақпарат саласына деген мемлекеттік көзқарастың жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетті. Журналист еңбегінің лайықты бағалануы, сала ардагерлеріне көрсетілген құрмет, өңірлік БАҚ-ты қолдау, әлеуметтік бастамалардың кеңеюі, қазақтілді әрі сапалы цифрлық контенттің ынталандырылуы – мұның бәрі медианы қоғамдық дамудың маңызды институты ретінде қабылдаудың нақты көрінісі.

Қазақ журналистикасы бүгін дәстүр мен жаңашылдықты сабақтастыра білген жаңа кезеңге қадам басты. Ақпараттың дәлдігі, сөздің жауапкершілігі және кәсіби ұстаным қай кезде де журналистиканың басты өлшемі болып қала береді. Ал мемлекет пен медиа бір мақсатқа – қоғамның ақпараттық мәдениетін нығайтуға қызмет еткен жерде елдің де еңсесі биік, ақпараттық кеңістігі де берік болады.



Парламент Мәжілісі биыл оныншы рет ұйымдастырып отырған «Парламент сөзі» байқауында «Айқын-Литер» ұжымына арнайы номинация табысталды. Он жыл ішінде бұл беделді сыйлық 150-ден астам журналистің еңбегін елеп, парламенттік журналистиканың өзіндік мектебін қалыптастыруға үлес қосты. Биылғы марапаттар сол дәстүрдің заңды жалғасына айналды.

мектебін қалыптастырды, қазақ сөзінің экрандағы мәдениетін орнықтырды.

Ақордадағы салтанатты рәсімде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы сабақтастыққа арнайы тоқталды.

– Бүгін мен журналистика мен телевизияның дамуына айрықша үлес қосқан азаматтарды мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойдым. Олардың қатарында бүкіл саналы ғұмырын ақпарат саласына арнаған ардагерлер бар. Ұлттық телевизияның алғашқы кәсіби мамандарының бірі, қазақ тіліндегі тұңғыш эфирді жүргізген Зұлқия Жұматова бүгінде 106 жасқа келді. Халқымыз бұл кісіні ерекше құрметтейді. Сондықтан Зұлқия Мұқанқызына «Құрмет» орденін табыстау туралы шешім қабылдадым, – деді Мемлекет басшысы.

МЕРЕЙІ ҮСТЕМ МЕДИА

Еңбекті бағалау мұнымен шектелген жоқ. Биылғы марапаттар тізімі де медиа саласының әр буыны назардан тыс қалмайтынын аңғартты. Мемлекет басшысының Жарлығымен бірқатар

Сенаты ұйымдастырған «Парасат» байқауында «Мерзімді баспасөздегі үздік материал» аталымы бойынша AIQYN газеті бас редакторының орынбасары, журналист Гүлзина Бектас жеңімпаз атанды.

Сондай-ақ Парламент Мәжілісі биыл оныншы рет ұйымдастырып отырған «Парламент сөзі» байқауында «Айқын-Литер» ұжымына арнайы номинация табысталды. Он жыл ішінде бұл беделді сыйлық 150-ден астам журналистің еңбегін елеп, парламенттік журналистиканың өзіндік мектебін қалыптастыруға үлес қосты. Биылғы марапаттар сол дәстүрдің заңды жалғасына айналды. Ең бастысы, заң шығарушы билік пен қоғам арасындағы сенімді байланысты нығайтуда кәсіби журналистиканың орны айқын екенін тағы бір мәрте көрсетті.

САПАЛЫ КОНТЕНТКЕ СҰРАНЫС ТА ЖОҒАРЫ

Биылғы марапаттардың тағы бір ерекшелігі – мемлекет назарында тек дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары ғана емес, қоғамға пайдалы мазмұн ұсынып жүрген

28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

27 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

«Бүгінгі журналистиканың бағыты бөлек» дейді. Әсіресе, «дәстүрлі БАҚ-тың дәурені өтіп барады» дейтін пікірлер де көп айтылады. Жалпы, ғаламмен бірге жаралған қаламның бүгінгі серті қандай? Миссия өзгерді ме? Бүгінгі буын журналистиканы қалай ұғады? Көңілде – көп сауал. Бұған аға буынның айтар уәжі бар шығар. Біз бұл сұрақты жазушы, публицист Ділдар Мамырбаеваға қойған едік.

Ділдар МАМЫРБАЕВА,
жазушы:



ҚОҒАМҒА ШЫНДЫҚТЫ ЖЕТКІЗУ МИССИЯСЫ ЕШҚАШАН ЕСКІРМЕЙДІ

– Бүгінде журналистиканың ауқымы өзгерді. Журналистикаға көзқарас та бұрынғыдай емес. «Журналистің арқалағаны – алтын» дейтін тәмсілдің мағынасы өзгерген секілді. Бұрынғы мектептен қалған қандай құндылықтар сақталды, біз қазір нені жоғалтып алдық деп ойлайсыз?

– Журналистиканың формасы өзгерді, бірақ оның жаны өзгермеуі керек еді, өкінішке қарай өзгерді. Журналистика өнер еді ғой. Ахмет Байтұрсынұлынан басталған Шерхан Мұртаза, Камал Смаилов, Сейдахмет Бердіқұлов, Бекболат Әдетов, Сарбас Ақтаев, Зейнолла Шүкіров, Ахат Жақсыбаев, Жарылғап Бейсенбаев, Жанболат Аупбаев, Қайнар Олжай, Нұртөре Жүсіп жалғастырған үлкен мектеп бар еді. Міне, осы азаматтар журналист ретінде ұлтқа, халыққа бар ождан-ниетімен қалтқысыз қызмет етті. Жалған жазбады. Қиянат жасамады. Өмірдің заңдылығы ма, классикалық журналистика дағдарысқа ұшыраған кезде оның орнын блогерлер басты. Журналистикада қанға сінген әдеп бар, обал-сауап бар, ұят бар. Кейбір блогерлер «ұят туралы жазамыз» деп ұятсыздыққа барып жүргенін сіз де, біз де байқап жүрміз.

Бұрынғы мектептен қалған ең үлкен құндылық – жауапкершілік. Қалам ұстаған адам әр сөзінің салмағын сезінетін. Бір сөйлемнің өзі адамның тағдырына әсер етуі мүмкін екенін білетін. Біз сол жауапкершілікті сақтап қалдық деп ойлаймын. Ал жоғалтып алғанымыз – зерттеу, сараптау мәдениеті дер едім. Қазір ақпарат көп, уақыт аз. Бұрын журналист бір мақаланың соңынан апталап жүрсе, қазір бір күнде бірнеше материал әзірлеуге мәжбүр. Кейде жылдамдық ізденістің жолын кесіп жатады.

– Бүгінгі журналистиканың күші неде: ұстанымда ма?

– Иә, журналистиканың басты күші – ұстанымда. Технология өзгереді, платформалар ауысады, бірақ журналистің азаматтық позициясы мен кәсіби ұстанымы өзгермеуге тиіс. Қолында камера-сы немесе смартфон бар кез келген адам ақпарат тарата алады.

Бірақ бәрі бірдей журналист емес. Журналисті ерекшелендіретін нәрсе – ақиқатты іздеудегі табандылығы мен қоғам алдындағы жауапкершілігі. Мәселенки, Жанболат Аупбаевтың бір кездері жазған Рейстаг қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевқа Халық қаһарманы атағын беру туралы көтерген мәселесін халық қолдап кетті. Онда айтылған дәйектер, ұсыныстар бұлтартпайтындай, алай-бұлайы жок еді. Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым-Қожа» шығармасының кейіпкеріне ескерткіш орнату туралы бастамасы да адамгершілік, азаматтық, ұрпаққа өнеге болатындай болған. «Қожаға ескерткіш орнатылатын болыпты» дегенді естігенде ел болып қуанғанбыз. Том Сойер мен Гекльбериге Миссури штатында, Корней Чуковскийдің Айболитіне Вильнюста, Андерсеннің ертегісіндегі Су перісіне Копенгагенде, Толстойдың Буратиносына Самара қаласында ескерткіш бар. Қожа бейнесін Жанболат Аупбаев ұлт мәселесі, ұлт мәдениеті, мемлекет саясаты деңгейіне көтеріп жазды. Ұстанымның күші деген осы шығар. Мұндай мысалдарды Қайнардың да, Нұртөренің де жазбаларынан айтуға болады.

– Бұрын бір мақала не фельетонның күші сұмдық еді. Қазір журналистикада сөздің өткірлігі қандай?

– Сөздің өткірлігі жоғалған жоқ, тек оның айналасындағы шу көбейді. Бұрын бір мақала қоғамды дүр сілкіндірсе, қазір ақпарат ағынында жақсы дүниенің өзі көзге түспей қалуы мүмкін. Бірақ шынайы, дәлелді, жүрекке жететін сөздің күші әлі де бар. Адам баласы ақиқаттан ешқашан жалыққан емес. Дегенмен біздің Баспасөз туралы заңымызда тиісті орындардың редакцияға жауап беретін тәртібі туралы бап жоқ. Бар ғой, жыланның қабығындай жылп-жылп еткен жауап берсең де болады, бермесең де болады деген былқылдақ сөйлем тұруы

мүмкін. Оны компания заңгерлері өздеріне әдемілеп икемдеп алады.

– Шындықты айту мен жауапкершілік арасында тепе-теңдікті сақтап жүрміз бе?

– Журналистиканы үлкен әлем десек, сол журналистиканың ең күрделі сұрағы осы шығар. Шындықты айту – міндет. Бірақ шындықты жеткізудің де мәдениеті бар. Кейде бір деректі жариялау арқылы қоғамға пайда келтірсе, кейде біреудің тағдырына зиян тигізуіңіз мүмкін. Сондықтан журналист тек шындықтың жаршысы ғана емес, сонымен бірге ардың күзетшісі болуы керек.

– «Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын» интернет заманында журналистің беделі бұрынғыдай ма? Әлде әлеуметтік желі журналистикаға деген көзқарасты өзгертті ме?

– Әлеуметтік желі ақпаратты демократияландырды. Әр адам өз ойын айтып, өз аудиториясын қалыптастыра алады. Бірақ бұл журналистиканың рөлін кеміткен жоқ. Керісінше, жалған ақпарат көбейген сайын кәсіби журналистикаға деген қажеттілік артады. Қазір журналистің міндеті тек хабар жеткізу емес, ақпаратты сүзгіден өткізіп, оның шындығын анықтау.

Иә, бүгінгі БАҚ тез әрі ұшқыр. Бірақ ақсап жатқан тұсы көп. Тақтұқ еткен құрғақ ақпарат. Талдау, сараптама жоқ. Деректерге сілтеме жасалмайды. Сөйлемдер сауатсыз жазылады.

– Бұрын да жеделдік маңызды еді, қазір жылдамдық бірінші орынға шықты. Бірақ бұл сапаға кері әсер етіп жатыр деп ойламайсыз ба?

– Әсер етіп жатыр. Ақпаратты бірінші болып жариялау жарысы кейде оның дұрыстығын тексеруге мүмкіндік бермейді. Алайда журналистиканың басты қағидасы өзгерген жоқ: дұрыс ақпарат жылдам ақпараттан маңыздырақ. Қателескен жаналық бірнеше минутта таралады, бірақ оның салдары жылдар бойы сақталуы мүмкін.

– Бұрынғыдай газет-журналдың да таралымы көп емес. Электронды БАҚ-тың дәурені туды. «Газетті иіскеп оқимыз» дейтіндердің заманы өтті. Газет-журнал қоғамға керек пе?

– Қағаз бен электронды форматтың тартысы бар екені ақиқат. Ақпараттың негізгі бөлігін интернеттен алатынымыз да айдай шындық. Дегенмен ондағы шындық сапаның белгісі бола ала ма? Ақпаратты алғашқы болып хабарлай салу сапаның белгісі дей аламыз ба? Оған мысал кеше ғана «Кеген ауданында полицейді өртеді» деген хабардың анық-қанығына жетпей жатып желдей есуі дер едім. Осыған қарағанда заманауи заманда да шындықты зерттеу, оның ақ пен қарасына жету қағаздық нұсқадағы басылымдарда істейтін журналистердің мойнындағы жауапкершілігі, міндеті болып қалып отыр. Өйткені оқуға деген мәдениет, ақпаратты байыппен қабылдау дәстүрінің түп негізі осы газет-журналдарда дер едім.

Газет, журнал – ұлттың жады. Тарихтың құжаты. Тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы деректі баспасөз архивінен табатынымыз да өтірік емес. Тактильдік сезімнің адамдары шығармыз, бәлкім. Былтыр Жазушылар одағы ұйымдастырған жобаға қатысып, Ташкент кітапханасына барғанымда «Ақ жол», «Сана», «Шолпан», «Жас қайрат», «Денсаулық жолы» журналдарын, ондағы халықты білім мен мәдениетке жетелейтін материалдарды көргенде бір өзгеше күйге түстім. Ғажаптаным. Алтын сандық тапқандай қуандым. Мен ғана сондаймын ба, электронды нұсқадағы дүниелердің өзегін ұстап қала алмаймын, авторын лезде ұмытып қаламын. Мүмкін, біз Шер-ағандардың «Елім, саған айтам, Елбасы, сен тында!» деп «Алтын сандықтың кілті кімде?», «Сатылмаған не қалды?», «Әкімдер ойланар ма екен» деп ашылау жазатын дүниелеріне әбден бой үйретіп алғандардың санатынан ба екенбіз?

Газет-журналдың қоғамға электронды нұсқадағы құралдардан гөрі байыпты қызмет ететінін айналымдағы өзіміз қызыға қарайтын елдердің мысалдарынан да анық байқауға болады. АҚШ пен Ұлыбританиядағы The Speatorg журналы, Аустралиядағы The Area News, Goulburn Post журналдары қағаз

форматқа қайта көшіп алды деген деректі оқыдық. Германия мен Италия да газет-журналдарын жоғары сапалы люкс өнім ретінде шығарып отырған көрінеді. Сондықтан «газет-журналдардың дәурені өтті» деген әңгіме жеңіл ауыздылардың әңгімесі-ау.

– «Әлеуметтік желінің күші журналистикадан мықты боп тұр» деген пікір де бар. Бұған қалай қарайсыз? Мұның кемшін тұсы да бар секілді. Жалпы журналистиканың қалыптасқан мектебін сақтап қалу үшін не істеген абзал?

– Ең алдымен, журналистиканың кәсіби стандарттарын сақтау керек. Фактіні тексеру, дереккөзбен жұмыс істеу, этика нормаларын ұстану – бұлар өзгермейтін құндылықтар. Университеттерде де, редакцияларда да осы мектептің сабақтастығын үзбеу маңызды. Әлеуметтік желі құрал ғана, ал журналистика – мамандық.

– Кезінде ғалым Тауман Амандосов қыздардың журналистикаға келгенін қаламайтын дейтін еді. Қазір керісінше, журналистикада қыздардың қатары артты. Алғы шепте жүрген де солар. Олардың бұл салаға көптеп келуі журналистиканың сипатын өзгерте алды ма?

– Әйел журналистердің көбеюі журналистиканы байыта түсті деп ойлаймын. Олар көптеген мәселеге өзгеше қырынан қарайды. Нәзіктік пен табандылықты қатар алып жүреді. Қоғамдағы отбасы, бала тәрбиесі, әлеуметтік мәселелер сияқты тақырыптардың тереңірек ашылуына да әйел журналистердің үлесі зор.

– Журналистикада жүрген жастардың бойынан қандай артықшылық байқайсыз? Өткенмен салыстырсаңыз ба?

– Бүгінгі жастардың мүмкіндігі көп. Олар технологияны еркін меңгерген, бірнеше платформамен қатар жұмыс істей алады. Әлемдік тәжірибеге де қолжетімді. Бірақ кейде тәжірибенің орнына жылдамдыққа сүйеніп кететін тұстары байқалады. Алдыңғы буыннан үйренетін нәрсе – төзім мен ізденіс, зерттеу жүргізу, сараптама жасау дер едім.

– Жастар демекші, қазір басылымнан нені оқығыңыз келеді? Жастар неге көбірек қалам сілтергені дұрыс?

– Мен қазақ баспасөзінен жастардың шынайы өмірі, жетістігі мен мәселелері туралы сапалы материалдарды көбірек оқығым келеді. Сондай-ақ қоғамдағы маңызды өзгерістерді талдап, оқырманға ой салатын мақалалар қызықтырады. Ал жастар тек мәселені көтеріп қоймай, жаңа идеялар, мүмкіндіктер мен шешімдер туралы көбірек жазғаны дұрыс деп ойлаймын. Өйткені журналистиканың мақсаты – ақпарат беру ғана емес, қоғамның дамуына ықпал ету.

– Қалам ұстаған буын жадынан шығармайтын дүние?

– Қалам – жай құрал емес, аманат, кие, қасиетті қару. Журналист қандай заман келсе де ақиқатқа адал болуды, адам тағдырына құрметпен қарауды, ұлттың сөзін сөйлеуді ұмытпауы керек. Техника жаңара береді, платформалар өзгере береді. Бірақ қоғамға шындықты жеткізу миссиясы ешқашан ескірмейді.

– Әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлзина БЕКТАС

ЖАҒАН САРАП

27 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Халықаралық қауіпсіздіктің тежеу тетіктері толықтай істен шықты. Екінші дүниежүзілік соғыстан соң қалыптасқан Ялта-Потсдам жүйесі мен БҰҰ-ның жарғылық пәрмені қазіргі дағдарыстарды реттеуге қауқарсыз. Әлемнің әр нүктесіндегі прокси-майдандар, қаржылық қақтығыстар, технологиялық текетірестер, қайта қарулану жарысы геосаяси жағдайды жар басына әкеп тіреді. Адамзат ескі ережелердің күші жойылып, жаңасы әлі жазыла қоймаған өліра кезеңде тұр.



Коллаж: ЖИ

А Еркебұлан
НҮРЕКЕШ

ДҮРДАРАЗ МЫНАУ ДҮНИЕ

Бәзбір сарапшылар үшінші дүниежүзілік соғыс ресми жарияланбаса да, баяғыда басталып кеткен деп санайды. Жер шарын шарпыған алапат шайқас майдан даласында ғана емес, банк саласында, микрочип нарығында, ақпарат кеңістігінде де жүріп жатыр. Алпауыттар алауыздығы сонау тереннен тамыр тартады. Қырғи-қабақ соғыста социализм лагерін тізе бүктіріп, жаһанды жарты ғасырдай билеп-төстеген либералдық тәртіптің дәурені озып барады. АҚШ үстемдігіне байланған бірполярлы жүйенің орнына басқа да ойыншылар бас көтерген көпполярлы заңдылық орнады. Батыстың ғаламдық ЖІӨ-дегі үлес салмағы салыстырмалы түрде азайып, Азия-Тынық мұхиты аймағының, дамушы елдердің экономикалық өсімі халықаралық тепе-теңдікті өзгертіп жіберді. Америка мен Еуропаның әскери, ғылыми, технологиялық әлеуеті бұрынғыдай бір қолда шоғырланбай, әлемнің әр киірына тарауы әдепкі нәрсеге айналды. БҰҰ, НАТО, ЕО-ға балама есебінде құрылған АСЕАН, ШЫҰ, БРИКС+ сияқты жаңа бірлестіктердің ықпалы артты. Өңірлік державалар ешкімнің нұсқауына көнбей, ұлттық мұраттарына сай тәуелсіз саясат ұстануға бет бұрды. Сондықтан ғалымдар көзге көрінбейтін үшінші дүниежүзілік соғыс туралы гипотезаны академиялық тұрғыдан жоғары деңгейде негізделген деп бағалайды. Өйткені бірполярлы гегемонияның белгілі дәрежеде жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз еткені рас. Ал көпполярлы құрылым өз болмысында аумалы-төкпелі тұрақсыздыққа бейім келеді. Чикаго университетінің профессоры Джон Миршаймер шабуылдаушы реализм теориясына сүйеніп, геосаясатта байқауаттылар бәсекесі ешқашан тоқтамағанын әрі тоқтамайтынын ескертеді. Оның ойынша, бүгінгі АҚШ, Қытай, Ресей арасындағы текетірес бұған дейін де болған, бұдан кейін де бола береді. Тарихтан хабардар оқырман халықаралық қатынастардың анархиялық табиғатын білуге тиіс. Либералдық трендтерді талдаушы Фарид Закарияның пайымы да осы ауқымнан ауа жайылмайды. Ғалымның пікірінше, Батыс монополиясы әлсірегендіктен, дүниенің түкпір-түкпірінде ревизионистік күштер

жалын күдірейтіп, ескі ережелерді қайта жазуға кіріскен. Әйгілі экономист Нуриэль Рубинидің тұжырымына сенсек, адамзат геосаяси фрагментация дәуіріне қадам басқан. Бөлшектенген әлемде соғыс да бөлшектенген сипат алады. Жаһандық апат біз күткендей бір мезетте ядролық жарылыстан тұтанбайды, керісінше, прокси-қақтығыс, қаржылық санкция, технологиялық блокада, кибершабуылдар тізбегі арқылы біртіндеп жалқыдан жалпыға ұласуы мүмкін. Мұндай гибридті соғыстың мақсаты — қарсыластың ресурс қорын сарқып, инновациялық дамуын тежеп, халықаралық тәртіпті өз пайдасына қарай ыңғайлау. Яғни Украинадағы ұрыстар мен Таяу Шығыстағы тартыстарды бір-бірінен оқшау оқиғалар деп ойласақ, жансақтыққа ұрынамыз. Оларды біртұтас майданның өзара матасқан құрамдас бөліктері деген дұрысырақ.

Мысалы, Иран дағдарысы Парсы шығанағымен шектелмей, аймақ шеңберінен асып, әлемдік сауда-саттық, энергетика және макроэкономикалық тұрақтылыққа нақты қатер төндірді. Былайша айтқанда, бұл соғыс — бір тарапта АҚШ пен Израиль одағы, екінші тарапта Иран, Қытай, Ресей полюсі тұрған тура мағынасындағы прокси-тайталас. Өрмекшінің торындай шым-шытырық шиеленісте әркім өз қамын өзі күйтетейді. Иран ең алдымен өз қоластындағы жергілікті күштер желісін сақтап қалуға тырысады. Ливандағы Хезболла, Йемендегі хуситтер, Сирия мен Ирактағы шиғалық топтардың арқасында АҚШ пен Израильді бөгейтін буфер құруды көксейді. Санция қыспағына қарамастан, уран байыту жұмысын жалғастырып, ядролық қалқан құрып, дербес держава мәртебесін иеленуді мақсат тұтады. Израиль классикалық «Бегин доктринасын» (жаудың ядролық әлеуетін алдын ала соққымен жою) жүзеге асыруға мүдделі. Тель-Авив бұдан былай Тегеранның прокси-жасақтарымен үнемі шайқасуды тиімсіз деп танып, салдармен емес, себеппен күресетін стратегияға ауысты. ЦАХАЛ енді Ислам революциясы сақшылар корпусына тікелей шабуыл жасаудан

тайынбайды. Израиль Таяу Шығыстағы бейресми ядролық монополиясын қызғыштай қориды. Сауд Арабиясы мен БАӘ секілді сүнниттік араб монархияларымен «Авраам келісімдері» аясында Иранға қарсы өңірлік коалицияны кеңейтуге ұмтылады. АҚШ бұл қақтығыста бірнеше мәселені бірден шешуге талпынды. Біріншіден, Израильдің қауіпсіздігін қорғап, Парсы шығанағы елдерінің алдындағы одақтастық міндеттемелерін орындау. Екіншіден, Таяу Шығыс энергетикалық ресурстарының Батыс нарығына кедергісіз өтуіне жол ашу. Үшіншіден, Қытай мен Ресейдің аймақтағы ықпалын төмендетіп, Вашингтонның жаһандық жан-дарм ретіндегі рөлін бекіту. Қытай мен Ресей өз кезегінде Иранды Батысқа қарсы геосаяси қалқан деп көреді. Украинадағы созылмалы соғыспен қатар Таяу Шығыста екінші майданның ашылуы Кремльдің қолайына жағады. Себебі АҚШ пен Еуропаның әскери-қаржылық ресурсы жан-жаққа шашыраса, Киевке құйылатын көмек көлемі ортаяды. Қытай үшін Иран — «Бір белдеу, бір жол» жобасының транзиттік хабы, Батыс эмбаргосына бағынбайтын арзан мұнайдың көзі. Бейжің Иранның қолымен АҚШ-ты қалжыратып, Тайвань төңірегіндегі өз позициясын нығайтпақшы. Қысқасы, бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Батыстың Ресейге салған санкциялары Мәскеуді Пекинмен, Тегеранмен, Пхеньянмен әскери-техникалық одақ құруға итермеледі. Иран дрондары мен Солтүстік Кореяның снарядтары Еуропа майданында қолданылса, Ресейдің ядролық және зымырандық технологиялары бұл елдердің Батысқа қарсы тұру қабілетін жақсартады. Қытай осы жүйенің қаржылық һәм технологиялық тылы ретінде астыртын қимылдайды. Батыс әлемі Украи-

наға жәрдемдесіп, Ресейді ресурс жағынан тақыл-тұқыл саркуды көздейді. Қызыл теңіздегі хуситтер диверсиясынан, Ормуз бұғазындағы әрі-сәрі күйден теңіз сауда жолдары бұғатталып, Еуропа экономикасы зардап шегуі ықтимал.

Жаһандық бөлшектену үрдісінің мұнымен толастайтын түрі жоқ. Вашингтон НАТО-дағы міндеттемелерінен бас тартатынын мәлімдеп, Еуропаны амалсыз әскери автономияға мәжбүрледі. Еуропалық армия жасақтау идеясы қайта жанданып, Батыс лагері екі қарулы полюске бөлінетін сынайлы. Біріншісі англо-саксондық AUKUS блогы болса, екіншісі — өз қотырын өзі қасуға көшкен ЕО. Ақ үйдің сыртқы саясаты «АҚШ — Еуропаның қауіпсіздік кепілі» деген қағиданың күлін көкке ұшырды. Трамп әкімшілігі еуропалық одақтасарынан әскери шығындарды ЖІӨ-нің 5 пайызына дейін жеткізуді талап етіп отыр. 2024 жылы Еуропа елдерінің көбі 2 пайыз межесін әрең еңсергенін ескерсек, жаңағы 5 пайыз әзірше орындалмайтын талапқа ұқсайды. Дональд Трамтың болжаусыз саясаты Еуропа Одағын «Стратегиялық автономия» доктринасын қабылдауға мәжбүрледі. Аталмыш бағдарлама Кәрі құрлықтың ұжымдық қорғанысын АҚШ әскери-өнеркәсіп кешеніне кіріптарлықтан құтқармақ. Әсіресе онда Франция, Германия, Польшаның рөлі маңызды. «Веймар ұштағаны» деген жоспар бойынша Париж — идеологиялық және технологиялық орталық. Макрон мырза «Еуропа өз қаруын өзі өндіруі керек» деген пікірді ұстанады. Германия — қаржылық локомотив. Берлин тарихи пацифистік позициясынан теріс айналып, қорғаныс шығындарын шектейтін бюджет ережелерін конституциялық деңгейде белден басатын тетіктер тауып, Еуропадағы ең ірі әскери инвестор болмақ. Польша — Ресей-

мен шектесетін алғы шептегі бекініс. Варшава Шығыс Еуропаны қорғаудың нақты кепілдіктерін сұрап, еуропалықтарды бейкамдықтан арылуға шақырудан шаршамайды. НАТО-дағы бөлініс альянстың түбегейлі ыдырауына әкелмегенімен, көпполярлы әлемнің Батыс лагерінде де жаңа күштер қалыптасып жатқанын аңғартады. Вашингтон мен Брюссельдің әскери-стратегиялық ажырасуына екі үлкен себеп айтылады. АҚШ еуропалықтардың қаруды тек өз ішінде өндіру саясатына наразы. Пентагон Lockheed Martin, Raytheon өнімдерін сатып алатын ЕО нарығын жоғалтуға құлықсыз. Еуропалықтар да «АҚШ-тан қару сатып алып, америкалық жұмыс орындарын қаржыландыруды доғарайық» деп дабыл қағады. Сондай-ақ қазір АҚШ-тың негізгі назары Индо-Пацифик аймағында Қытайды ауыздықтауға ауып кетті. Вашингтон үшін Еуропа — екінші дәрежелі майдан. Ал ЕО дәл іргесіндегі Украина соғысын өмір мен өлім мәселесі деп қарастырады.

АҚШ пен Қытай текетіресі АТайвань аралының айналасындағы дау-дамай ғана емес. Мұнда тым терең макроэкономикалық, құрылымдық, технологиялық, өркениеттік тайталас бар. Вашингтонның саяси элитасы Қытайды кешегі КСРО-дан да асып түсетін қауіпті қарсылас деп қабылдайды. Неге десеніз, Қытай ЖІӨ-нің сатып алу қабілетінің паритеті жөнінен тарихта тұңғыш рет АҚШ-ты басып озды. Тіпті қатты бір дәуірлеген жылдарында КСРО мен Жапония да америкалық экономика көлемінің 40-60 пайызынан аспайтын. Бейжіңнің коммерциялық жоғары технологияларды (ЖИ, кванттық есептеулер, биотехнология) қорғаныс секторына енгізу саясаты Пентагонды уайымға батырды. АҚШ-тың Қорғаныс министрлігі Қытайдың 2027 жылға бекіткен армияны толық «интеллектуалды трансформациялау» мақсатын Азия-Тынық мұхитындағы әскери тенгерімді бұзатын әрекет деп айыптайды. Бейжің Батыстың либералдық үстемдігін ысырып тастап, пост-батыстық, көпполярлы әлемдік тәртіп орнатуға бейіл. Күндердің бір күнінде Тайваньді қайтарса, Тынық мұхитына сұғына кіріп, АҚШ-тың Гуам аралы мен Жапониядағы әскери базаларына түмсығын бір-ак тірейді. Сонымен бірге Тайваньның технологиялық құндылығы да Ақ үйді алаңдатады. Жер бетіндегі микрочиптердің 90 пайыздан көбі Тайваньда шығарылады. Бұл өндіріс Қытайдың бақылауына өтсе, дүниежүзіндегі автокөлік, смартфон, әскери-ғарыш техникасын жасау саласын да Бейжің қадағалайды. АҚШ, әлбетте, мұндай қауіпке бас тігуден де, бәс тігуден де қорқады. Американың Қытайға қойған технологиялық блокадасы осындай қисыннан туған. Осының бәріне сирек жер металдарына талас, ЖИ бағытындағы бәсеке, долларды жаһандық валюта айналымынан ығыстыру саясаты, SWIFT жүйесін mBridge жобасымен алмастыру сынды қайшылықтарды қоссақ, өркениеттер қақтығысы дегеннің құр теория еместігін анық аңдаймыз. Бірақ бұлардың әрқайсысы — арнайы мақалада талқылауға лайық тақырыптар.

КӨКЕЙКЕСТІ

27 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ

Халықтың әлеуметтік осал санаттарына берілетін қайтарымсыз грант деген бар. Биыл грантқа қатысуға өтініш 24 маусымнан басталды. Әрбір қатысушы 8 шілдеге дейін Business.enbek.kz порталында өтінім қалдырады. Ары қарай кімге беріп, кімге бермейтінін комиссия шешеді. Грант мөлшері – 400 айлық есептік көрсеткіш, яғни 1 730 000 теңге. Мемлекет бұл ақшаны қайтарымсыз негізде береді және оны алған әрбір азамат жаңа бизнес-идеясын іске асыруы қажет.

Айгүл СЕЙІЛ

Бұл бастаманың азаматтардың кәсіпкерлікке қадам басыуына мүмкіндік беріп, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге бағытталғаны түсінікті. Алайда жыл сайын бөлінетін миллиардтаған қаржының тиімділігі мен нақты нәтижесі қандай?

Кәсіпкерлікті қолдауға арналған бұл гранттар 2018 жылдан бастап беріліп келеді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне сәйкес, осы уақыт аралығында 164 671 адам мемлекеттік қолдауға ие болған. 2018 жылы – 3076, 2019 жылы – 40 066, ал 2020 жылы – 42 770 адам қайтарымсыз грант алған болса, соңғы үш жылда бұл сан 9 мың адамның шамасына тұрақтаған.

Гранттарға бөлінген қаражат көлемі де ауқымды. Мысалы, 2018-2025 жылдары бюджеттен 127,6 млрд теңге қарастырылған болса, оның 93,4 пайызы игерілген. Бұл қаржыландыру жағынан мәселе жоқ екенін көрсетеді.

БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛДІ, ТАЛДАУ ШЕ?

Бұған дейін грант алған азаматтардың бизнесі бір жыл ғана бақылауда болған еді. Енді 2026 жылдан бастап мониторинг мерзімі екі жылға ұзартылады. Бұл да маңызды қадамның бірі. Себебі көптеген жоба алғашқы жылы ғана жұмыс істеп, кейін тоқтап қалатыны жасырын емес.

Мониторингті еңбек мобильділігі орталықтары жүргізеді. Дегенмен сарапшылар бұл бақылаудың формалды сипатта қалу қаупін жоққа шығармайды. Себебі осы кезге дейін грант алған 164 671 адамның кәсібі мен табысына толық әрі ашық мониторинг жасалмаған. Сондай-ақ ол адамдардың барлығы бірдей жеке кәсіпкер болып, бизнесін дөңгелетіп отыр деп те сеніммен айта алмаймыз. Қазақта «құмнан қыл арқан еседі» дейтін бейнелі сөз бар. Дәл сондай, аз ақшаны ұқсата білетін адамдар болмаса, мына заманда 400 АЕК айналасындағы ақшамен кәсіп бастау да, дамыту да оңай емес екенін әркім де түсінетін шығар. Әйтсе де, ауызды қу шөппен сүртуге тағы болмайды. Өйткені ел ішінде дәл осы қайтарымсыз грант арқылы кәсіп ашып отырған азаматтар да бар.

БАСТЫ ТАЛАПТАР ҚАНДАЙ?

Грант алу үшін міндетті талаптардың бірі – «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқу. Бұл курс болашақ кәсіпкерлерге бизнес жүргізудің негіздерін үйретуге бағытталған. Онда салық төлеу, кәсіпті тіркеу, нарыққа шығу жолдары түсіндіріледі.

ГРАНТТЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

«Министрлік биыл қайтарымсыз грантты беру үшін бірқатар өзгеріс енгізді. Атап айтқанда, еңбек мобильділігі орталықтарына грант алушылар туралы ақпаратты ашық дереккөздерде жариялау туралы құзыреттілік беру, грант алуға үміткерлерге қойылатын талаптарды күшейту, конкурстық

Мемлекеттік бағдарлама 2029 жылға дейін жалғасады деп жоспарланып отыр. Яғни жыл сайын шамамен 9 мың адамға 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде грант беру көзделген.

Әлеуметтік осал санаттағы топты қолдау – әлеуметтік саясаттың маңызды бағыты. Бірақ оның тиімділігі бөлінген қаржы көлемімен емес, нақты нәтижемен өлшенуге тиіс. Яғни қанша адам кәсіпкер атанды, қаншасы тұрақты табысқа шықты, қанша жұмыс орны ашылды – басты көрсеткіштер осы.

Грант – мүмкіндік. Бірақ ол тек қаржы беру емес, сапалы білім, нақты бақылау, нарыққа шығу тетігі сынды толыққанды жүйе

мін, қаржылық жағынан тәуелсізін, тағы екі әйелді жұмыспен қамтамасыз еттім, сүйікті ісім фуд-флористикамен айналысамын және басқаларды оқытамын. Мемлекетке маған қолдау көрсеткені үшін алғыс айтамын.

Андрей ЗЕЛЕВСКИЙ, жеке кәсіпкер:

– Маған полимер қалдықтарын қайта өңдеуді нәтижеден таңдағаным туралы жиі сұрақ қойылады, бәрі өте қарапайым – мен өмірді, айналадағы әлемді жақсы көремін және қоқысқа сүрінгенде қатты қынжыламын. Осы орайда мен мүгедектігі бар жандарға арналған тактильді бағыттауыштарды шығаратын желіні іске қостым.

«Бастау Бизнес» бағдарламасына қатысу менің өмірімді түбегейлі өзгертті. Мен кәсіпкер болдым, өзін армандаған кәсіппен айналысып жатырмын, қаржылық жағынан тәуелсіз және өзіме сенімді адаммын, болашаққа үлкен жоспарларым бар.

Саида ТІЛЕУЛЕНОВА, Qazaq Expert Club қаржыгері:

– Бүгінде Қазақстанда 1 730 000 теңге – шағын бизнес бастауға жеткілікті бастапқы капитал. Әрине, мұндай қаражат ірі өндіріс ашуға немесе құрылыс жобасын жүзеге асыруға жетпейді. Бірақ шағын кәсіптің көптеген түрін артық қарызға батпай-ақ бастауға мүмкіндік береді.

Алайда бизнестің табысты болуы тек бастапқы капиталдың көлеміне байланысты емес. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (OECD) деректеріне сәйкес, шағын кәсіпорындардың жабылуына көбіне қаржының жетіспеуі емес, басқарудағы қателіктер, нарықты дұрыс бағаламау, қаржыны тиімді жоспарлай алмау және өнімге не қызметке сұраныстың төмен болуы себеп болады.

Яғни ақша кәсіп ашуға мүмкіндік бергенімен, оның табысты болатынына кепілдік бермейді. Егер кәсіпкер өнімнің өзіндік құнын есептей алмаса, ақша айналымын дұрыс басқармаса немесе клиентпен жұмыс жүргізе алмаса, бірнеше миллион теңгенің өзін қысқа уақыттың ішінде жоғалтып алуы мүмкін.

Керісінше, өз ісін жетік білетін кәсіпкер шағын капиталдың өзін біртіндеп еселей алады. Сондықтан кәсіп бастағанда қаражатты тек құрал-жабдыққа немесе ғимаратқа ғана емес, өз біліміңізді арттыруға да жұмсаған жөн. Маркетингті, қаржылық басқаруды, цифрлық технологияларды және сатудың заманауи тәсілдерін меңгеру – ұзақмерзімді табыстың басты кепілі.

Жалпы, Қазақстан экономикасы үшін шағын және орта бизнестің маңызы зор. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері жалпы ішкі өнімнің шамамен 39 пайызын қалыптастырады және миллиондаған азаматты жұмыспен қамтып отыр. Сондықтан әрбір табысты кәсіп – тек оның иесіне емес, тұтас ел экономикасына, жұмыспен қамту деңгейінің артуына және бюджетке түсетін салық көлемінің өсуіне қосылған үлес.

ӘЛЕУМЕТТІК ГРАНТТЫҢ ӨТЕУІ БАР МА?



Әсел БАЛТАҚЫЗЫ (қолжазба)

Мониторингті еңбек мобильділігі орталықтары жүргізеді. Дегенмен сарапшылар бұл бақылаудың формалды сипатта қалу қаупін жоққа шығармайды. Себебі осы кезге дейін грант алған 164 671 адамның кәсібі мен табысына толық әрі ашық мониторинг жасалмаған.

Алайда тәжірибеде бұл курстың тиімділігі туралы пікір екіұшты. Кейбір қатысушылар оны пайдалы десе, енді бірі тек «грантқа жетудің формалды шарты» ретінде қабылдайды. Бұл бағдарламаның сапасын арттыру – өзекті мәселелердің бірі.

Ал енді грантты алу жолындағы ең негізгі өткелге келейік. Ол, әрине арнайы комиссия. Грант беру шешімін арнайы комиссия қабылдайды. Комиссия кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар мен өңірлік кәсіпкерлер палатасының филиалдары өкілдерінен, қоғамдық бірлестіктер мен БАҚ өкілдерінен, сондай-ақ сарапшылардан жасақталады. Комиссия үміткердің бизнес-жобасын 5 негізгі өлшем бойынша бағалайды. Атап айтқанда, жоба бәсекеге қабілеттілік, нарықтың пысықталуы, қаржылық өміршендік, кәсіпкердің дағдысы және жұмыс орындарын құру мүмкіндігі секілді өлшемдерге сай келуі керек. Комиссия отырыстары тікелей эфирде көрсетіледі, бұл ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған. Дегенмен қоғамда «барлығы әділ өте ме?» деген сұрақ әлі де бар. Себебі шешім қабылдауда адами фактордың ықпалы толық жойылған жоқ.

комиссиялардың ашықтығын қамтамасыз ету, грант алуға үміткерліктен кірісі бар немесе мемлекеттен өзге де қаржылай көмек алатын адамдар мен салық органдарында дара кәсіпкер ретінде бір жылдан астам есепте тұрған кәсіпкерлерді алып тастау, гранттардың нысаналы жұмсалыуына мониторинг жүргізу тетіктерін күшейту, грант алушылардың есеп тапсыру мерзімін 1 жылдан 2 жылға дейін созу, грант алушыларға грант алған күннен бастап 18 ай ішінде кемінде 1 жаңа жұмыс орындарын ашуды міндеттеу секілді өзгерістер бар», – дейді ЕХӘҚМ Халықты жұмыспен қамту департаментінің басқарма басшысы Аяулым Берекенова.

Жалпы, сарапшылар арасында «грант алушылар санын азайтып, қаржы көлемін көбейту керек» деген пікір де бар. Бұл тәсіл әрбір жобаға тереңірек қолдау көрсетуге мүмкіндік берер еді. Алайда бұл әлеуметтік қамту ауқымын тарылтуы мүмкін.

құрауы керек. Әйтпесе, бұл бастама уақытша қолдау шарасынан әрі аспай қалуы мүмкін.

Бота ТҰРАРБАЕВА, жеке кәсіпкер:

– Үйде декреттік демалыста отырғанда «Бастау Бизнес» сертификатын алып, қосымша фуд-флорист курсынан өттім. Балалардың жәрдемақысына жұмыс үшін қажет нәрсенің бәрін сатып алып, гүл шоқтары мен композициялар жинай бастадым. 2023 жылы гранттық конкурста қатысып, 400 АЕК грантын жеңіп алдым. Алынған қаржыландырудың арқасында мен жабдықты сатып алып, жобаны іске асыруға кірістім. Бастапқыда үйде жұмыс істедім және сыйлықтарды әлеуметтік желі арқылы саттым. Қазір өз бизнесімді кеңейтіп, Botadan.sui студиясын аштым.

Өз дағдыларымды дамыту үшін кондитер, шоколад, үй зефиры және басқа да бизнесті дамыту курстарынан өттім. Қазір мен кәсіпкер-

ҚОҒАМ

27 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ



Өзек БАЛТАҚЫЗЫ (қолжазба)

КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗУ – ИГІ ҚОҒАМНЫҢ КЕЛБЕТІ

Қайырымдылық жасау тек бірреттік акция немесе жекелеген адамдардың ғана ісі емес, бұл – тұтас қоғамға ортақ құндылық. Кейінгі уақытта қазақ қоғамы қайырымдылық мәдениетін белсенді түрде дамытып, жақсылық жасап жарысып жатыр.

Статистикаға сенсек, бүгін қайырымдылықпен 350 мыңнан астам адам айналысады. Сонымен қатар кейінгі бірнеше жылда волонтерлікпен айналысатын ұйымдардың да саны өскен. Егер 2020 жылы елімізде 224 ұйым болса, 2025 жылы олардың саны 810-ға жеткен. Осы деректер Қазақстан халқының қоғамдық іс-шараларға деген қызығушылығының өсіп келе жатқанын көрсетеді. Бұл тек қайырымдылықпен шектелмей, жастардың әлеуметтік белсенділігін арттырып, қоғамдағы адамгершілік қасиеттерді дамытуға ықпал етеді.

Айта кетсек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2020 жыл Волонтер жылы болып жарияланды. Бұл шешім еліміздегі еріктілер қозғалысының дамуына тың серпін берді. Соның нәтижесінде волонтерлік ұйымдардың жұмысы жанданып, еріктілер саны артты. Пандемия кезеңін айтар болсақ, 500 мыңға жуық азамат волонтерлік қызметке қатысып, 1 миллионнан астам мұқтаж жаңға көмектесті. Сондай-ақ табиғи апаттар кезінде де волонтерлер қоғамның маңызды тірегіне айналды. 2024 жылы су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге көмек көрсету мақсатында еріктілердің қатысуымен 3 440 тоннадан астам гуманитарлық көмек жиналып, оның 2410 тоннадан астамы апат аймақтарына жеткізілді. Бұл мысалдар волонтерлердің қоғамдағы орны тек көмек көрсетумен шектелмейтінін, ел үшін маңызды әлеуметтік күшке айналғанын дәлелдейді.

Сонымен қатар 2026 жыл Халықаралық волонтерлер жылы болып жарияланды. Осы тұста волонтерлік қауымдастық «Мәдени мұраны бірге сақтайық» және «Таза жағалауларды сақтайық» сияқты ауқымды акциялар өткізді. Еріктілер Мемлекет басшысының

бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» акциясының қозғаушы күштерінің біріне айналды. Аталған акцияға жыл сайын 800 мың адам қатысып келеді. Сонымен қоса, биыл Волонтерлікті дамытудың ұлттық индексі мен волонтердің цифрлы паспорты енгізілмек.

РУХАНИ ПАЙДА

Ал қазір еліміздегі танымал волонтерлік ұйымдардың қатарына ЮНИСЕФ волонтерлер қозғалысы, «Қазақстан Студенттер Альянсы» республикалық студенттік қозғалысы» Қоғамдық бірлестігі немесе «Жас ұлан» сынды тағы басқа еріктілер орталықтары кіреді. Сондай-ақ корпоративтік және белгілі бір салаға бағытталған волонтерлік жобалардың қатары да тез артып келеді. Мұндай ұйымдар жастарға уақытты қызықты әрі тиімді өткізіп, қарым-қатынас жасау дағдыларын, жауапкершілік пен көшбасшылық қасиеттерін жақсартуға және ең бастысы, мұқтаж адамға көмек беріп, белгілі бір жағдайларға немқұрайды қарамауға үйретеді.

Бізге «Қазақстан Студенттер Альянсы» республикалық студенттік қозғалысы» қоғамдық бірлестігінің волонтері Елдара Обайдулина бұл үдерістің адами дамуы да маңызды рөл атқаратынын айтты.

– ЕҰУ-дегі Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғарғы мектебінің ҚСА төрағасымын. Негізінен, волонтерлікпен мектеп кезінен бастап айналыса бастадым. Мектепте оқып жүрген кезде де белсенді болдым, қоршаған ортаға көмектескім келіп тұратын. Мектеп президенті де болдым. Университетке түскенде де дамуымды тоқтатқым келмеді. Сол үшін осындай ұйымдардың жұмысына қызығушылық танытып, белсенді араластым. Кейіннен факультетімізде мұндай орталық

болмағандықтан, деканат және жоғары курс студенттерінен сұрастырып, осы ұйымды аштық. Осы жылы біз 60 шақты іс-шара өткіздік. Соның нәтижесінде үздік факультет атандық.

Сонымен қатар биыл карттар мен балаларға көмек көрсеттік. Балаларға көмектесу үшін арнайы қаражат жинау акциясын ұйымдастырдық, демеушілер мен көсіпкерлердің қолдауына жүгіндік. Жиналған қаражатқа балалар үйі сұратқан А4 қағазы, папкалар сияқты қажетті кенсе тауарларын, дамытуға арналған ойыншықтар сатып алып, табыстадық», – дейді Елдара Обайдулина.

Оның айтуынша, волонтерлік қызмет барысында адам жаңа тәжірибе жинап, түрлі ортада өзін сынап көреді. Кейіпкеріміз бұл қызметтің өзіне берген басты мүмкіндіктері мен артықшылықтарын атап берді.

– Қазір «волонтер» дегеннен гөрі «ерікті» немесе «белсенді» деген сөздерді қолданған дұрыс шығар. Яғни еріктілер өз еркімен белгілі бір іс-шараларда, жобаларда көмектесіп, өз ойындағы идеяларды іске асыруға және өзін дамытуға тырысады. Бұл материалдық табыс әкелетін дүние болмаса да, рухани тұрғыдан үлкен пайда береді деп ойлаймын. Жан-жақты адамдармен сөйлесесін, тәжірибе жинайсын. Адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы коммуникациялық қабілетің дамиды, таныстарың көбейеді.

Осының барлығы адамды дамуға жетелейді, ортасын кеңейтеді. Көптеген адаммен араласуға мүмкіндік береді. Тіпті шетелдік азаматтармен де танысып, тәжірибе алмасуға болады», – дейді кейіпкеріміз.

Сонымен қатар қоғамдық іс-шараларды, оның ішінде мәдени-шығармашылық кештер мен концерттерді ұйымдастыратын ерікті орталықтар көп. Солардың бірі – ауқымды музыкалық фестивальдерді ұйымдастырушы, «Molodost» жастар жобасының волонтері Жансая Сламова. Ол бұл орталыққа қалай кіргені жайлы айтып берді.

– Қазір «Molodost»-та жүргеніме бір жарым жыл болды. Мен ұйымға кірер кезде медиа командасына адам қажет болды. Сол кезде мобилограф әрі жүргізуші болып қосылдым. Осы уақыт ішінде оннан астам концертке қатыстым. Концерттерден бөлек түрлі іс-шараға да бардым. Әлі күнге дейін жүргізуші болып, Instagram аккаунтына стористер түсіріп, әр концерттен тікелей ақпарат беріп жүремін. Маған бұл жерде жаңа адамдармен танысып, коммуникация орнатып, жақсы орта қалыптастырғаным ұнайды.

Ең ұнайтыны – өзім жақсы көретін іспен айналысу. Өз қызметім арқылы әр концерт сайын жаңа нәрселерді көріп, тәжірибе жинақтаймын. Сонымен қатар түрлі іс-шараға тегін қатысып, ерекше эмоциялар аламын. Мұның бәрі мен үшін үлкен мүмкіндік деп есептеймін, – дейді кейіпкеріміз.

компанияларына қатыстық. Содан кейін Корей елшілігі мен Корей мәдени орталығының іс-шараларына белсенді қатыса бастадық. Осылайша, волонтерлік тәжірибем мәдени бағыт алды. Біз фестивальдерге, ұлттық мерекелерге және түрлі мәдени іс-шараға қатыстық. Ал бакалавриатта оқып жүрген кезде студенттік кеңестің президенті болдым. Біз әкімшілікпен бірге әлеуметтік мәселелерді көтеріп, студенттік бастамаларды дамытқан болатынбыз», – дейді Алексей Пак.

Жоғарғы оқу орнына түсер кезде волонтерліктің көмегі тиетінін, бірақ ол толық грант иегері атанудың кепілі емес екенін кейіпкеріміз атап өтті. Оның пікірінше, қабылдау комиссиясы, не дегенмен, академиялық жетістіктерді волонтерліктен жоғары бағалайды.

– Менің академиялық және жеке жетістіктерім өзара байланысты болды. Мәдениетке, оқуға және зерттеуге қызығушылығым оқуымда көрініс тауып, қиындықтарды жеңуге және маман ретінде дамуға көмектесті. Комиссия менің мотивациямды академиялық және шығармашылық жетістіктерім арқылы көре алды деп ойлаймын. Дегенмен волонтерлік қызмет әрқашан үлкен артықшылық бермейді, ең алдымен, академиялық жетістіктер маңызды. Бірақ екі үміткердің деңгейі ұқсас болса, ол шешуші рөл атқара алады.

Ең бастысы – сапа, саны емес. Волонтерліктің қызығушылықтармен байланысы және жалпы тәжірибе балансы маңызды. Сондықтан профильді жан-жақты дамыту керек: оқу, жобалар, жұмыс немесе ұйымдарға қатысу арқылы. Волонтерлікке саналы түрде қарау қажет және шамадан тыс жүктемеден аулақ болған дұрыс. Ең тиімді бағыттардың бірі – оқытуға байланысты волонтерлік (SAT, IELTS), ол әрі тәжірибе, әрі дағдыны дамытады. Ең бастысы – бір бағытты таңдап, соған фокус қою, – дейді Алексей Пак.

Бір қызығы, волонтерлік жас талғамайды. Ерікті қызметке жаста, жасамыс та қатысады. Ұлттық волонтерлік желінің атқарушы директоры Татьяна Миронюктің айтуынша, қайырымдылықпен студент жастар ғана емес, орта және 60-65 жас аралығындағы карт адамдар да айналысады әрі волонтерліктің жаңа түрі дамып келеді. Мұғалімдер, заңгерлер, дәрігерлер және басқа да мамандар өзінің кәсіби білімін қоғам игілігі үшін ақысыз ұсынып, қиын жағдайға тап болған отбасыларға көмек қолын созады.

Осылайша, еліміздегі волонтерлік бірреттік акциялар шеңберінен шығып, қоғамдағы азаматтық мәдениеттің тұрақты бір бөлігіне айналып келеді. Бүгінде еріктілер әлеуметтік, экологиялық және білім беру салаларында белсенді қызмет атқарып, қоғамның дамуына өз үлесін қосып жатыр. Волонтерлік жастарға жаңа мүмкіндіктер ашып қана қоймай, түрлі буын өкілін ортақ мақсатқа жұмылдырады. Сондықтан волонтерлік қозғалысты дамыту – жауапты, белсенді әрі жанапты қоғам қалыптастырудың маңызды қадамдарының бірі болып қала берді.

Нұрай ТІЛЕК,
ЕҰУ-дың 2-курс студенті

ТЫНЫС

27 МАУСЫМ 2026 | СЕНБІ



Халқының саны жыл санап көбейіп, жаңадан салынған үйлердің қарасы қалындап келе жатқан ауылда ауызсу жағдайы жаппай қиын. Әсіресе Краснояр, Школьная, Новоселов, Октябрьдың 50 жылдығы көшелеріндегі ахуал аса ауыр. Жекеменшік үйлерде су тек түнде сыздықтап ағуы мүмкін. Ал көпқабатты үйлердің жоғары қабаттарында жағдай мүлде мүшкіл. Тұрғындар айлар бойы краннан су көрмейді.

— Үйге келіп кранды ашсам, шұбатылған жіңішке жіптей

маған жұртшылық каталап шыққан.

Бұл жағдайдың астарында бірнеше жылдардан бері қордаланып келген коммуналдық жүйенің күйреу мәселесі жатыр. Ауыл халқының біраз бөлігі мәселені ауылдың қак төрінде менмұндалап сән-салтанатымен көз тартатын жаңа спорт кешенінің ашылуымен байланыстырады. Себебі ішінде бассейні бар нысан ауызсуға зәру болып отырған дәл осы проблемалы ауданға салынған. Әрине, балаларға спорт кешені ауадай қажет-ақ. Бірақ тұрғындардың «балалардың бассейні үшін мұқым халық сусыз отыруы тиіс пе?» деген заңды сауалы да ойландырмай қоймайды.

ауыстырылмауының салдарынан әбден тозығы жеткенінен болып отырғанын жеткізді.

— Иә, расында да, ауыл жұрты судың зардабын жиі тартады. Халықтың саны өсіп барады. Ал әбден тозығы жетіп, қауіп тұрған ескі құбырлар жиі сынып апат болып тұрады. Бюджет қоржынынан жамап-жаскалып жатқанымен, түбегейлі мәселені шешу әзірге болар емес, — дейді ауыл әкімі.

«Көкшетау Су Арнасы» мекемесінің өкілдері де құбырлардың әбден тозығы жеткенін ашық мойындайды. Олардың айтуынша, ауыл ішіндегі құбырлардың көбі қатты тозып кеткен. Қауқары шамалы құбырлар қысымды күшейтсе, бірден апатқа ұшырайды. Сондықтан халыққа толыққанды су беру мүмкін емес.

Ауыл тұрғындарының дерегінше, құбырлардың кейбірі жарты ғасырдан бері ауыстырылмаған. Демек, бүгінгі ахуал бір күнде пайда болмаған.

Құзырлы жергілікті билік органдары қазір жобалық-сметалық құжаттама дайындалып жатыр дейді. Бірақ оның қашан аяқталатынын, сараптамадан қашан өтетінін, қаржының қашан бөлінетінін ешкім нақты айта алмайды. Тіпті, су жүйесіне жауапты мекеменің өзі жоба қай деңгейде тұрғанынан толық хабарсыз.

Бір қызығы, қағаз жүзінде бәрі сакадай сай мінсіз көрінеді. Магистралдык желідегі қысым техникалық нормаға сәйкес делінген, бірақ тұрғындардың қанынан су тамбайды. Аптап ыстық басталса, жағдайдың тіпті қиындайтыны анық.

Тіршіліктің басты көзі – ауызсудың азабын Көкшетаудың тап іргесінде тұрған Краснояр ауылындағы 15 мыңға жуық тұрғын да жылдар бойы тартып келеді. Кенезесі кепкен халықтың билікке қара қазандай өкпе-назын айтып жүргелі қашан? Алайда түйткілдің түйіні тарқатылмай тұр.

ТҮН ІШІНДЕ ТІРШІЛІК ЕТЕТІН АУЫЛ

ащы базынасы айтудай-ақ айтылып келеді. Тіпті әлеуметтік желі арқылы да көкірегің ашытқан қыжылың кіжініп тұрып жиі-жиі ақтарып жүр. Әр келген әкім «мәселе шешіледі» деп уәдені үйіп-төккенімен, құрғақ қасық ауыз жыртудан басқа түбегейлі шешімін тапқан емес.

Қазір түйткіл тіпті бұрынғыдан да қиындап, жайсыздық шеңберінен шығып кеткен. Краснояр жұрты ауызсудың азабын тартқан түнгі тірлікке де еті үйрене бастаған. Сондықтан күні бойы жұмыстан қолы босамайтын жұрт түнгі ұйқысын да қиып, үй шаруасын «түнгі ауысымға» ауыстырған. Түн баласы көз ілмей кір жуып, таң сібірлеп ататын уақытта ыдыс-аяқтарына су толтырып әлектеніп жатады.

болып су ағып тұр екен. Шынымды айтсам, көптен күндізгі уақытта мұндай «бақытты сәтті» көруден қалғаннан ба, қуанып кеттім. Басымды жуайын деп едім, сұйық сабын жағып үлгергенше су тоқтап қалды. Амал жоқ, түнде толтырып үлгерген бөтелкедегі ауызсумен шайдым. Жуатын киімдерді қалада тұратын туыстарыма тасимыз, — дейді ауыл тұрғыны Наталья Кузнецкая.

Үш баланың қамқоршысы Анна Ерофеева балаларды жуындырудың өзі аса үлкен проблемаға айналғанын айтады. Бұрын су тапшылығы тек жаздың шілдігін шілдесінде болатын. Себебі жұрттың бәрі бау-бақша суаратын. Ал биылғы қыс бұрынғыдан да өзгереді болып, қыстың қытымыр аязында да соры арыл-

Алайда ауыл әкімі Серікжан Мәкіш спорт кешенінің бұған мүлде қатысы жоқ екенін алға тартты. Оның айтуына қарағанда, бассейн ашылар кезде ғана ауыз-мұрнынан шыққанша суға толтырылған. Кейін сол су қайта айналыммен пайдаланылып келеді. Белгіленген уақыт сайын мұндағы арнайы мамандар суды арнайы химиялық жолмен тазартып тұрады. Мамандар да осыны растайды. Яғни мәселе спорт кешенінде болмай шықты. Ауыл әкімі ауылдағы ауызсудың зардабы жөнінде Көкшетау мен Красноярды ауызсумен қамтып отырған «Көкшетау Су Арнасы» коммуналдық мекемесіне талай айтып та, жазып та көргенін жеткізді. Бірақ бар мәселе құбырлардың сонау Кеңес заманында салынғаннан бері

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Краснояр ауылы әкімшілік жағынан да, аумақтық жағынан да Көкшетаудың құрамына кіреді. Бірақ қарапайым ғана игіліктердің бірі – ауызсу қараша жұрттың қашаннан бергі басты мәселесі. Проблема осыған дейін де көтерілмеді емес, билік басындағыларға әр есептік кездесу мен билік өкілдерінің қатысуымен өтетін жиын-кездесулердің әрқайсысында

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі – Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі – Регламент) 20-бабы негізінде ашық конкурс тәсілімен Университеттің №4 оқу ғимаратының ІІ қабатындағы декан бөлмелері мен дәліз қабырғаларына және едендері мен баспалдақтарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын сатып алу. Жөндеу жұмыстары жобалық смета құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Сатып алуға қатысу шарттары: Жұмыстарды орындау мерзімі 45 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. Әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары, уақытша қабылданған құрылыс жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);

3. Әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе

сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;

4. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат құжаты болуы және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсына отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсыну қажет.

5. Әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау саласындағы әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

6. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

7. Құжаттардың ішінде құрылыс және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылысты бақылау немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе сәулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжаты талап етіледі. Жұмыстарды орындау барысында мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талап-

тарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсынуы қажет. Жұмыстарды орындау барысында дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

8. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан ХалықБанкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 214-кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 17.07.2026ж. (15:00), 201-кабинет.

Алматы облысы мен «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл келісім Мемлекет басшысының «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы аясында іске асырылуда. Жоба бойынша өңірдегі кітапханалар, мәдениет және білім беру ұйымдары арқылы бірлескен жобалар мен іс-шараларды ұйымдастыру, жастардың интеллектуалдық және рухани дамуына ықпал ететін бастамаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр, – деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры былтыр шілде айында құрылып, жұмысын бастаған. Былтыр Қарағанды, Қостанай облыстары мен Шымкент қаласында алғашқы ағартушылық жобаларын жүзеге асырды. Нәтижесінде 190 мыңға жуық адам кітап оқу дағдысын қалыптастырған. Биыл олардың санын 1,5-2 млн-ға арттыру көзделуде. Ал Алматы облысында 100 мыңнан аса адамды қамту жоспарланған.

Шараға қатысқан облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев ел Президенті

КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ: ОҚЫРМАН САНЫН 100 МЫҢҒА ЖЕТКІЗУ ЖОСПАРЛАНУДА



Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітап оқу мәдениеті мен кітапхана ісін дамыту мәселесіне ерекше мән беріп отырғанын атап өтті. Аймақ басшысының айтуынша, бүгінде облыста 145 кітапхана жұмыс істейді. Олар 71 мыңнан астам оқырманға қызмет көрсетуде. Жалпы кітап қоры 2,7 млн-нан асады. Кітапханалар жанында коворкинг орталықтары, клубтар мен үйірмелер жұмыс істеп, жастардың шығармашылық және зияткерлік дамуына жағдай жасалуда.

«Биыл Ұйғыр аудандық кітапханасы, Қарасай ауданындағы Жандосов ауылдық кітапханасы және Енбекшіқазақ ауданындағы Шелек ауылдық кітапханасы жаңғыртылып, пайдалануға берілді.

Алдағы уақытта тағы екі кітапхананы жаңарту жоспарланған.

2023 жылдан бастап барлық аудандық кітапхана САБ ИРБИС-64+ бағдарламасына көшірілді. Бүгінде электрондық каталогқа және электрондық кітапхана қорына 1,9 млн-нан астам библиографиялық жазба енгізілді. Сондай-ақ KazNEB платформасына 1 943 кітаптың цифрлық нұсқасы жолданды. Облыс бойынша қоғамдық орындарға 786 KazNEB QR-коды орналастырылып, 82 мыңнан астам электрондық кітапты пайдалану мүмкіндігі жасалды», – деді Марат Елеусізұлы.

Жиын барысында аталған қоғамдық қордың төрағасы Бақытжан Тұрлыбеков жобаның мақсаты мен атқарылған жұмыстары жайлы баяндады.

«Кітапхана кітап сақтайтын орын емес, бұл – адамдар білім алып, таным-түсінігін тереңдететін рухани орда. Осы мақсатта жүзеге асырылып жатқан жоба аясында кітапханаларға оқырманды тарту және кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде. Біздің басты мақсаттарымыздың бірі – кітапханаларды оқырманға толтыру. Жұмыс барысында халықтың кітап оқуға ықыласы жоғары екенін байқадық. Әуелде әр аймақтан 25-30 мың адам қатысады деп ойлағанбыз. Бірақ нәтиже біз ойлағаннан да жақсы болды. Жобаға 190 мыңға жуық адам қатысса, оның 104 мыңнан астамы ұсынылған 15 кітапты толық оқып бітірген. Бұл тест нәтижесінде белгілі болды.

Біз 7 бағыт бойынша жұмыс істейміз. Соған сәйкес, мектеп оқушыларын, колледж бен университет студенттерін, сондай-ақ педагогтерді, жеке әулеттерді, мемлекеттік қызметшілер мен спортшыларды кітап оқуға баулимыз. Мәселен, мектеп оқушылары жас ерекшеліктеріне қарай 5 топқа бөлінген. Әр топқа оқуға тиіс 15 кітаптан ұсынылған. Дәл осылай орыс сыныптарына да бөлек тізім жасалған. Оның ішінде бесеуі – казакстандық авторлардың шы-

ғармалары, бесеуі – Батыс, ал қалған бесеуі – Шығыс авторларының кітаптары. Бұл сыни ойлауды қалыптастыруда өте маңызды. Яғни мектеп оқушыларына арналған бағыттың өзінде ғана 150 кітаптың тізімі бекітілген», – дейді Бақытжан Тұрлыбеков.

Шара қорытындысында екі-жақты меморандумға қол қойылып, қос тарап бірлесіп жұмыс істеуге уағдаласты. Осыған орай Марат Елеусізұлы облыстық Мәдениет, архивтер және құжаттама, Ішкі саясат, білім және жастар саясаты басқармаларына арнайы міндеттер жүктеді. Өңірде кітап оқу мәдениетін дамыту, халықтың, әсіресе балалар мен жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқырман қауымдастығын қалыптастыру және бірлескен мәдени-ағартушылық жобаларды жүзеге асыруда қарқынды жұмыс істеу керекін баса айтты.

Қоғамдағы кеселдің көбі рухани тоқыраудан болады. Ал адамды кемелдік пен терең пайымға жетелейтін басты құрал – кітап. Сондықтан аталған бастама шығарма оқумен ғана шектелмейді. Бұл қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге ықпал ететін маңызды жоба болмақ.

Әмина МҰХАНБЕТ

ТУРИСТЕРГЕ ТӨР МЕКЕН



Жерасты байлығын місе тұта бермей, жер үстіне де көзқарасымыздың оңтайлана бастағаны – еліміздің туризмге бет бұрғаны. Қарқаралыдағы Бұғылы тауының баурайында жаңа рекреациялық аймақ құрылып жатыр. Бұл туристердің жайлы демалысына арналған тағы бір тартымды орынға айналмақ.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

2025 жылдың қорытындысы бойынша, еліміздің туристік саласы тұрақты өсім көрсетті. Қонақүйлер мен өзге де орналастыру орындары 10 млн-нан астам қонақты қабылдады. Оның ішінде ішкі туристер саны 8,7 млн адамды құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 700 мың адамға артты.

Туристік ағынның өсуімен қатар саланың экономикалық қайтарымы да артып келеді. Орналастыру орындарының жиынтық табысы 350,6 млрд теңгеге жетсе, туризм саласына тартылған инвестиция көлемі 1,3 трлн теңгеден асты. Бұл есепте Қарағанды облысының да айтарлықтай үлесі бар.

Бүгінде екі бірдей туризм орталығына ақша құйылуда. Және одан қайтарым да бар. Бұл – Қарқаралы мен Балқаш қаласы. Қарқаралыда бүгінде жалпы аумағы 75 гектарды

мағы жұмыс істейді. Алдағы уақытта олардың саны едәуір көбеймек. Туристік инфрақұрылым мемлекеттік қолдаудың арқасында қарқынды дамып келеді. Сонымен қатар курорттық қаланың келбеті де жаңарып, көшелер мен қоғамдық кеңістіктер абаттандырылуда.

Qarqaraly Go жобасының құрылтайшыларының бірі Ерлан Төлеубековтің айтуынша, жобаның басты ұраны – «Балаңызға гаджетсіз жаз сыйлаңыз». Тәрбиешілер балаларды дербестікке, жауапкершілікке және ұжымда жұмыс істей білуге баулиды. Бағдарламаға жаяу жорықтар, атпен серуендеу, спорттық және шығармашылық сабақтар енгізілген. Жаз мезгілінде сегіз ауысым ұйымдастыру жоспарланып отыр. Қарқаралыда жол бойы сервис де дамып келеді. Өңір маңында 40 бөлмелі мотельдің құрылысы жүргізілуде. Жаңа нысан жыл сайын бес мыңға дейін турист қабылдай алады.

Ал Балқаштың туристік әлеуеті Balkhash Tour Fest фестивалінде жақсы қырынан көрінді. Мысалы, Visit Karaganda павильонының жұмысында келушілерге Қарағанды облысының туристік дестинациялары, орналастыру орындары, танымал маршруттар мен негізгі оқиғалық іс-шаралар туралы жан-жақты ақпарат ұсынылды.

Мемлекетімізде 2029 жылға дейінгі тұжырымдама қолға алынған. Саланы одан әрі дамыту туризмді дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде жүргізілетін болады. Жаңартылған жоспар 6 бағытты қамтиды, оның ішінде 61 іс-шара бар. Қосымша 2026-2029 жылдарға арналған Жол картасы дайындалды, онда тағы 119 іс-шара көзделген. Мақсатты бағыттардың бірі – 2029 жылға қарай ішкі туристер санын 11 миллион адамға дейін арттыру.

Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ «Астана су арнасы» МКК Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінің 2026 жылғы 25 маусымдағы №20-НҚ бұйрығына сәйкес 2026 жылдың 01 шілдесінен бастап 2030 жылдың 31 желтоқсанына дейін суды магистралды құбыр жолдары арқылы беру (техникалық су) саласында көрсетілетін қызметтерге бекітілген тарифтің өзгертілгені туралы хабарлайды.

№	Тұтынушылар атауы	Өлш. бірл.	ҚҚС қоспағандағы тариф	ҚҚС-ты есептегендегі тариф
1.	Суды магистралды құбыр жолдары арқылы беру (техникалық су)	тенге/м3	01.07.2026 ж. бастап 31.12.2026 ж. дейін	
			60,71	70,42
			01.01.2027ж. бастап 31.12.2027ж. дейін	
			89,76	104,12
			01.01.2028ж. - 31.12.2028ж.	
			89,07	103,32
01.01.2029 ж. бастап 31.12.2029 ж. дейін				
88,04	102,12			
01.01.2030 ж. бастап 31.12.2030 ж. дейін				
89,11	103,37			

ГКП на ПХВ «Астана су арнасы» акимата города Астаны уведомляет потребителей об изменении утвержденного тарифа на оказываемую услугу «подача воды по магистральным трубопроводам (техническая вода)» с 01 июля 2026 года по 31 декабря 2030 года в соответствии с приказом Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по городу Астана №20-ОД от 25 июня 2026 года.

№	Наименование услуги	Ед. изм.	Тариф без учета НДС	Тариф с учетом НДС
1.	Подача воды по магистральным трубопроводам (техническая вода)	тенге/м3	с 01.07.2026г. по 31.12.2026г	
			60,71	70,42
			с 01.01.2027г. по 31.12.2027г	
			89,76	104,12
			с 01.01.2028г. по 31.12.2028г	
			89,07	103,32
с 01.01.2029г. по 31.12.2029г				
88,04	102,12			
с 01.01.2030г. по 31.12.2030г				
89,11	103,37			

27 МАУСЫМ 2026 | СЕНБИ

Кейбір шығармалар ғасырлар алмасса да, құндылығын жоғалтпай, әр дәуірде жаңаша оқылып, әр ұрпақпен қайта тілдеседі. Виктор Гюгоның 1831 жылы жарық көрген «Париж Құдай-ана соборы» романы осындай мәңгілік туындылардың қатарында. Француз әдебиетінің гәуһартасына айналған шығармада көтерілген махаббат, жалғыздық, әділетсіздік пен қоғамның қатыгездігі секілді мәселелер бүгінде де адамзатты толғандыруда. Арада екі ғасырға жуық уақыт өтсе де, романның көркемдік қуаты мен идеялық тереңдігі әлсірей қоймаған. Мұның жарқын дәлелі – 21 маусым күні «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының сахнасында ұсынылған Ролан Пети қойған әйгілі «Париж Құдай-ана соборы» балеті.

Данжұтты ТУЫНДЫ ЕЛОРДАҒА КЕЛДІ

Бұл балет алғаш рет 1965 жылы 11 желтоқсанда Париж операсында сахналанған. Музыкасын француз композиторы Морис Жарр жазса, либреттосы мен хореографиясын ХХ ғасыр балет өнерінің көрнекті тұлғасының бірі Ролан Пети әзірледі. Қойылымның декорациясын Рене Алио жасап, костюмдерін сән әлемінің аңызы Ив Сен-Лоран дайындаған. Алайда спектакльдің құндылығы тек осы атақты есімдердің бас қосуында емес. Ролан Пети Гюго романының көпке таныс сюжетін сахнаға сол күйінде көшіруді мақсат етпеген. Керісінше, ол шығарманың трагедиялық өзегін тереңірек ашып, оқиғаның негізгі салмағын Эсмеральдадан Квазимодоның тағдырына аударуды жөн көрген. Оның интерпретациясында сыртқы сипаты үшін қоғамнан шеттетілген қоныраушының ішкі әлемі, махаббатқа, мейірім мен достыққа деген құлшынысы алдыңғы қатарға шығады.

Балет басталған алғашқы минуттардан-ақ көрермен ортағасырлық Париждің қарбалас тіршілігінің ортасына енеді. «Ақымақтар мерекесін» тойлауға жиналған жұрт ең ұсыныс адам, Квазимодоны «Ақы-



мақтар папасы» етіп сайлап, оны күлкі мен кекетудің нысанына айналдырады. Осы тұста балеттің негізгі ойы ашыла бастайды. Квазимодоның трагедиясы бүкір денесінде емес, оны сыртқы келбетіне қарап бағалап, адамдық болмысын көруден бас тартқан қоғамның көзқарасында жатыр. Оқиға өрбіген сайын қойылым адамның шынайы қадір-қасиеті мен сыртқы бейнесі, қоғамдық пікір мен ақиқат, қатыгездік пен мейірім арасындағы қайшылықтарды тереңірек аша түседі. Осы тар-



қимылдары мен айналасына үрке қарауы оның жан дүниесіндегі жалғыздық пен қорғансыздықты айқын аңғартады. Бір қызығы, орындаушы бұл образды сыртқы атрибуттардың көмегінен сомдаған. Сахнада Квазимодоның дене кемістігін көрсететін арнайы жасалған бүкір немесе көлемді костюмдік шешім қолданылмаған. Соған қарамастан, әртіс кейіпкердің сырт келбетін түгелдей би мен пластика тілі арқылы жасап шықты. Иықтың төмен түсуі, қозғалыстың ауырлығы мен тепе-теңдіктің әдейі бұзылуы көрерменге кез келген атрибуттардан әлдеқайда терең әсер етті. Қойылым өрбіген сайын Квазимодоның пластикасы да өзгере бастайды. Эсмеральдаға деген сезім, оның бойынан көрген мейірім мен жанашырлық кейіпкердің ішкі әлеміне сәуле түсіргендей. Бір кездері бүк түсіп жүрген адамның қозғалысынан сенім мен қайсарлықтың нышаны байқалады. Бұл өзгеріс бірде-бір сөз айтылмаса да, анық сезіледі.

Балеттегі тағы бір маңызды кейіпкер – Клод Фролло. Оның

бойындағы екіжүзділік пен билікке деген құштарлық трагедияның басты себептерінің біріне айналады. Қараңғы ішкі әлеміне қарамастан, ол – көптің сүйіспеншілігіне бөленген, қоғам пікірін қалыптастырушы жан. Халық оған кіршіксіз сенім артып, пір тұтады. Ал оның айтқан әрбір сөзі ақиқат ретінде қабылданады. Тап осы тұста қойылымның бүгінмен үндестігі байқалады. Орта ғасырдағы халықтың Фроллоның сөзіне еш күмәнсіз сенгені сияқты бүгінде де ел белгілі бір тұлғалардың пікірін ақиқат ретінде қабылдауға бейім. Әлеуметтік желілерде блогерлердің, танымал адамдардың немесе қоғамдық пікір көшбасшыларының бір ауыз сөзі мыңдаған адамның көзқарасына ықпал етеді. Бұрын жұрт алаңға жиналып үкім шығарса, қазір бұл процесс экранның ар жағында жүзеге асып жатыр. Адамдар көбіне оқиғаның мәніне үңілуден гөрі көпшілік пікіріне қосылуға асығады. Біреуді ақтау да, айыптау да оңай. Ал ақиқат көбіне сол шу мен ақпарат тасқынының арасында қалып қояды.

Астана Опера ұжымы қойылымның идеялық өзегін көрерменге үлкен шеберлікпен жеткізе білді. Сахнадағы балет әртістерімен қатар оркестр мен хордың үйлесімді жұмысы қойылымның эмоционалды құатын еселей түсіп, әр көрініске тереңдік пен әсер дарытты. Музыка мен бидің мінсіз үйлесімі көрерменді шығарма әлеміне жөнелтіп, оқиға желісінен бір сәтке де ажырауға мүмкіндік бермеді.

«Париж Құдай-ана соборы» – адам табиғаты, қоғамдық үкім, мейірім мен қатыгездік жайлы терең ой қозғайтын балет. Кей қойылым аяқталысымен, көрермен залдан асыға шығып, әсерін сол сәтте-ақ ұмыта бастайтын болса, кейбір туындылар сахна шамдары сөнгеннен кейін де көрермен санасында ұзақ уақыт бойы сөнбей, терең ойларға жетелейді. Астана Опера мемлекеттік опера және балет театры сахналаған «Париж Құдай-ана соборы» дәл сондай қойылымдардың қатарынан орын тапты.

Данаян АМАНГЕЛДИНА,
ЕҰУ-дың 2-курс студенті

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай Байыржанқызы –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баһи ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4756
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,